

МИНИСТРЛЕР ОТСТАВКАҒА КЕТЕ МЕ?

2-бет



Қазыбек ИСА:

ЖЫРЛАРЫМ НАУАЙЫНЫҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІН БОЛДЫ

6-бет



«БЫЛО СТРАШНО ЗА СВОЮ ЖИЗНЬ». МОНОЛОГ КАЗАХСТАНКИ, ВЕРНУВШЕЙСЯ ИЗ СИРИИ

13-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || **№21 (839), 31 mamyr, 2019**




Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ:

## МАҒАН ТАРИХШЫ МӘРТЕБЕСІНЕН ОҚЫРМАН ЫҚЫЛАСЫ АРТЫҚ...

8-9 бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ХАТ

# ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕНДЕР ТҮРМЕДЕ – ҚУДАЛАҒАНДАР МІНБЕДЕ...



## СУ РЕСУРСТАРЫ КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫ ИСЛАМ ӘБІШЕВ КЕЗЕКТІ НЕГІЗСІЗ ЖАЛАНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛУДА...

Исекең мемлекет мүлкі, халық қазынасы түгілі ешкімнің ала жібін аттамайтын, қиналғанға астындағы жалғыз атын түсіп беріп кете беретін ақ көңіл де, адал, иманды, зады зиялы жан. Енді міне, мемлекеттің триллионнан аса қаржысын үнемдеп, халық қазынасын қорғап, ел игілігіне еңбек еткен Ислам Әбішевтің тағы да тосқауылға тап болып, дәлелсіз-дәйексіз тас түрмеде күн өткізіп, қамауда жатқанын қалай түсінуге болады?

Ал тапсырыс беруші кім болуы мүмкін?

Дәу де болса, Ислам Әбішевтың мемлекет қаржысынан үнемдеген миллиардтары жанына қатты батып кеткен шонжарлар болуы мүмкін...

5 бет



# СОХРАНИШЬ ТРИЛЛИОН – ПОПАДЕШЬ В ТЮРЬМУ...

## ИЛИ ДЕЛО «КОРРУПЦИОНЕРА» АБИШЕВА!!!

Кто может легко отказаться от такого привлекательного куска пирога? Обладатели «лакомых кусочков» также начали ответные действия. Но Ислам Алмаханович, несмотря на все препятствия, до осени полностью выполнил задачу по снижению расходов в целях эффективного использования бюджетных средств.

10 бет

# ЖАЛАҢ ҰРАН

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯ АЛМАЙДЫ



Бүгінгі күні қалың бұқара ел болашағы үшін алаңдап, Президенттік сайлау қалай өтеді, ертеңгі күніміз не болады деп елеңдеумен отырса, біздегі жеңін түріп алған жемқорлар халық қаржысын қымқыруын тым болмаса, осы бір жауапты науқан кезінде де тоқтатар емес. Елдегі саяси жағдай мен қарапайым адамдардың құлдырап кеткен әлеуметтік-тұрмыстық деңгейі құлқынның құлына айналғандардың ойларына кіріп те шықпайды.

3 бет



## МАҒЖАН БОЛМЫСЫ

*көзкөргендер естелігімен*

14 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# ҚАЗАҚ РУХЫ АЛАСАРМАЙДЫ

**Тарих – өткеннің сабағы. Біз өткенімізге қарап, ертеңімізді түзеуіміз керек. «Алаш арыстарының атын ұлықтау, ашаршылық құрбандарын еске алу – біздің және келешек ұрпақтың қасиетті борышы», –деді Дәурен Абаев елордадағы Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған ҚХА-ның «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық Х форумында.**



Министр қолдан жасалған ашаршылықтың кесірінен елімізде миллиондаған адам қайтыс болғанын атап өтті. Жүз мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Арыстарымыз атылды, жер аударылды. Алайда қайсар қазақтың рухы аласарған жоқ. «Әлихан Бөкейхановтан бастап Халел, Әлімхан, Мұхамеджан, Міржақып, Сәкен, Бейімбет, Мағжан сияқты тағы да басқа арыстарымыздың артында өлмейтін сөзі, өшпейтін өнегесі қалды. Қазір қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу мақсатында музейлер ашылып, ескерткіштер орнатылып, Алаш қайраткерлері туралы фильмдер түсіріліп, олардың еңбектері зерттеліп жатыр», – деді министр. Қазақстан халқы Ассамблеясы Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық Х форумынан басқа елордадағы Ұлттық музейде «Кемел болашақ үшін өткенді тарихи-мәдени тұрғыда ұғыну» тақырыбында ғылыми конференция ұйымдастырылды.

**Балаларды қорғау күніне орай елордада «UMC» ҚҚ «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығының онкология және бүйрек пен бауыр трансплантациясы бөлімшелерінің бұрынғы пациенттері арасында алғашқы республикалық – спорт жарыстары өткізіледі.**

# БАЛАЛАР КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ



Ойынға 3 жастан 16 жасқа дейінгі ауруды жеңген жүзден астам бала қатыспақ. Аталған іс-шараның басты мақсаты – аурумен ұзақ уақыт бойы күресіп, оны жеңген балаларға өмірге қайта оралуға және аяғынан тұруға көмектесу. Қазақстанда ойындарды өткізу бастамашысы – «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы. Орталыққа ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Цифрландыру кеңсесі қолдау көрсетіп отыр. Сондай-ақ, іс-шараға қазақстандық эстрада жұлдыздары Маржан Арапбаева, Қазақстанның Х-фактор байқауының жеңімпазы Дильнура Біржанова, Ерлан Көкеев және спорт қайраткерлері – бокстан олимпиада чемпионы Серік Сәпиев пен Қазақстандағы ЮНИСЕФ елшісі – шахматтан әлем чемпионы Динара Сәдуақасова қатысады.

# ҚАРЖЫҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

**Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту және микроқаржылық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші олқылымда мақұлданды.**

Заң жобасының негізгі мақсаты – қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын бөлу, тұтынушылық несиелеу тәуекелдерін шектеу бойынша тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу. Осы құжат аясында 10 кодекс пен 30 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Заң жобасы қаржы саласына қатысты бірқатар міндеттерді шешуге бағытталған. Осы орайда Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін әрі республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қаржы секторын реттеудің тәуелсіз органын құру; ҚР Ұлттық банкі мен жаңа реттегіш арасында құзыреттердің аражігін ажырату; тұтынушылық несиелеу нарығында реттеушілік төрелік пен жүйелік проблемаларды жою; депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру ескерілген. Бұл ретте Қазақстанда қаржы нарығын реттейтін жаңа агенттік құру жоспарланып отыр. Жаңа агенттікті Ұлттық банк сияқты ҚР Президентіне тікелей бағыну және республикалық бюджет есебінен қаржыландыру ұсынылды. Сонымен қатар, қызметшілердің мәртебесі Ұлттық банк қызметшілерімен теңестіріледі. ҰБ мен жаңа агенттіктің қызметі тығыз үйлеседі. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық банк пен агенттік Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің қызметі шеңберінде өзара іс-қимыл жасайды. ҚР Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев жаңадан құрылатын агенттік Алматыда орналасатынын айтты.

# МИНИСТРЛЕР ОТСТАВКАҒА КЕТЕ МЕ?

**Білім министрі Ұлттық тестілеу орталығы басшыларының парамен ұсталуына қатысты мәлімдеме жасады. Қол астындағы қызметкерлері істі болып жатқан Күләш Шәмшидинова отставкаға кету ойында жоқ екенін жеткізді.**

– Қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр. Сол себепті, оның қорытындысын күтуіміз керек. Ал отставкаға кету жайлы айтарым. Өздеріңіз білесіздер, министр қызметіне кірісකеніме небары үш ай ғана болды. Сондықтан, сұрағыңыз орынсыз деп ойлаймын, – деді Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова.

Бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қызметкерлері парамен ұсталса, бірінші басшы отставкаға кетуі керектігін айтқан еді. Кейін іле-шала Білім және ғылым министрілігіне қарасты Ұлттық тестілеу орталығының бұрынғы бас директоры пара ретінде шетелдің 9 миллион теңге тұратын қымбат көлігін алды деген күдікке ілінді.

ҚР Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов те қарамағындағы қызметкерінің істі болуына байланысты өзінің отставкаға кету мүмкіндігіне байланысты пікір білдірді. Тілшілердің ведомство басшысынан ҚР ҰЭМ департаментінің бұрынғы директоры Асланбек Жақыповтың алаяқтық әрекеті бойынша кінәлі деп танылауына байланысты қандай іс-қимылдар жасайтындығы туралы сұрағына «Сот шешімі күшіне енсе, отставкаға беремін. Мұны дұрыс тәжірибе деп санаймын. Бұл өз кезегінде бірінші басшысының моральдық міндеті. Ал бірінші басшысының кінәсі қаншалықты екенін оны жоғарғы басшылық айқындайтын болады», – деді Р.Дәленов.

# ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ПОЛИЦИЯ БЕКЕТТЕРІ ЖАБЫЛАДЫ

**ҚР Ішкі істер министрлігі енді бұл қызмет түрі керек емес деген тоқтамға келіп, жол бойындағы полиция бекеттерін алып тастамақшы.**

Шілде айынан бастап біртіндеп, яғни, фото-видео бақылау жүйесі орнатылған жерлердің барлығында бекеттер алына бастайды. Тек қана жолдың бойындағылар ғана емес, қалаға кіреберістерде тұрғандары да енді жұмысын тоқтатады. Ал, жұмыстан босап қалған 300-дей полиция қызметкері күшейтуді қажет ететін басқа салаларға жіберіледі. Бірақ бұл бүкіл полиция бекеттері қиратылады деген сөз емес. Олар енді басқа қажеттілік үшін қолданылмақ. «Босап қалған полиция бекеттері қонақүйлерге беріліп, қиын жағдайларда жылыту орындары ретінде пайдаланылады. Олардың қызметі енді керек емес. Елге сырттан әкелетін тыйым салынған заттарды бақылайтын басқа да мүмкіндіктеріміз жетіп жатыр», – деді Ішкі істер министрінің орынбасары Алексей Калайчиди саладағы жоспарланған осы өзгерістерге орай.



# ҚЫЛМЫСТАН КӨЗ АШПАҒАН КЕДЕН

**Еліміздегі ең кең тараған қылмыс түрі – жемқорлық. Жылдар бойы сол жемқорлықтың көшін кеден қызметі бастап келе жатыр десек артық емес. Тобымен топырлап түрмеге түсіп жатса да, кедендіктер алған бетінен қайтар түрі жоқ.**

Кеден бекеттерінің 20-ға жуық қызметкері аса ірі көлемде пара алу фактісі бойынша тағы да күдікке ілінді. Алматы облысындағы «Нұр Жолы», «Қалжат» және Түркістан облысындағы «Қонысбеков атындағы» кеден бекеттерінің қызметкерлері аса ірі көлемде пара алғандары үшін айыпталуда. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметінше, олар Қытайдан Өзбекстанға тауарларды кедергісіз өткізу үшін ақша бопсалаған көрінеді. Тексеріс кезінде қылмыстық жолмен табылған ірі көлемдегі ұлттық және шетелдік валюта табылған. Қазіргі уақытта Ұлттық қаипсіздік комитетінің мамандары сотқа дейінгі тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. 3 күдікті сот санкциясымен қамауға алынған. Ал қалғандарына кінәларын толық мойындағандықтан бұлтартпау шарасы қолданылды.

# ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ ҚАТЕСІНЕН ШУ ШЫҚТЫ

**Павлодарда жалға берілген пәтерлердің бағасы қымбаттап шыға келді. Аяқ астынан мемлекеттен берілген үй бағасының мұншама өсіп кеткеніне мүгедектер мен көпбалалы отбасылар түсінбей дал.**

Сөйтсе, жұртты дүрліктірген қымбатшылық әу баста әкімдік қызметкерлерінің жіберген қателігінен кейін пайда болыпты. «Үйлер берілгенде жалдау ақысын есептеуде мамандар қате жіберген. Бағаны мүлдем төмен есептеген. Сол қателіктері үшін олар тәртіптік жауапқа тартылды. Қаржы мамандарынан қателігінен жұрт пәтерлерді су тегін алды. Енді баға қайта есептеліп, қателік түзелді», – дейді Павлодар қаласы әкімдігі қаржы бөлімінің меңгерушісі Ерік Слан.

# БАСПАНА ДАУЫ

**Елордада отызға жуық отбасы далада қалуы мүмкін. Өйткені, сатып алған үйлері екінші рет заңсыз саудаланған көрінеді. Енді үйді сатып алған екі тарап бір-бірімен соттасып жатыр.**



Оларды осылай дауластырып қойған құрылыс компаниясының басшылары қазір түрмеде отыр. Опық жеп, алданып қалған «Аниса» тұрғын үй кешені тұрғындарының саны өздерінің айтуынша, отызға жуық. Бәрі де құжаттары бар болса да пәтердің шын қожайыны екенін дәлелдей алмай жүр. «2012 жылы бұрынғы баспана сатып алғандар сонда 2016 жылға дейін қайда жүрген?» – дейді соңғылары. Алғашқылардың айтуынша, үй жарна ретінде құйған осы кісілердің ақшасына салынған. Бұлардың да қолдарында растайтын құжаттары мен үйіне төлеген миллиондары туралы түбіртектері бар. Тек үй бітуге шақ қалғанда құрылыс салушы басшылар ондаған пәтерлерді басқа екінші біреулерге сатып жіберген. Сондықтан, кінәні мердігер құрылысшылардан іздеу керек секілді. Осыған дейін өткен 3-4 сот шешімі үйді 2012-2013 жылдары алғашқы сатып алғандардың пайдасына шешілген. Ал пәтерінен айрылғысы келмеген екінші топ енді жоғарғы сотқа жүгінбек. Жалпы, «Аниса-1» – қаладағы проблемалық тұрғын үй кешендерінің қатарына жатады. Соттасып жатқан екі жақтың бірі қалай болған күнде миллиондаған ақшаға сатып алған пәтерінен айрылып, өздері далада қалғалы тұр. Өйткені, оларды қырқыстырып қойған құрылыс компаниясы басшылары 6-8 жылға сотталып кеткен.

**Бүгінгі күні қалың бұқара ел болашағы үшін алаңдап, президенттік сайлау қалай өтеді, ертеңгі күніміз не болады деп елеңдеумен отырса, біздегі жеңін түріп алған жемқорлар халық қаржысын қымқыруын тым болмаса осы бір жауапты науқан кезінде де тоқтатар емес. Елдегі саяси жағдай мен қарапайым адамдардың құлдырап кеткен әлеуметтік-тұрмыстық деңгейі құлқынның құлына айналғандардың ойларына кіріп те шықпайды. Жегідей жеген осы бір дертке қарсы жарияланған жылдар бойғы жалаң ұрандар жемқорлықты жоя алмайтынына көз жеткізіп болдық. Енді не істеуіміз керек?..**

# ЖАЛАҢ ҰРАН ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯ АЛМАЙДЫ



Бізге тап болған сыбайлас жемқорлықтың ширек ғасырлық тарихын түгендеп жазуға бір адамның ғұмыры жетпесі анық. Соңғысын ғана атасақ, сайлау атты сайыс қызып тұрған тұста Ұлттық тестілеу орталығының басшысы тағы да сол жемқорлыққа қатысты екі айға қамауға алынды. Білім жүйесімен байланысты мемлекеттік сатып алуларды жүргізу барысында үлестес компаниялар мүддесін қорғап, сол үшін 9 миллионнан астам теңге тұратын «Тойота-Камри» маркалы жаңа автокөлігін пара ретінде алды деп күдікке ілінген Рамазан Әлімқұловты Жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро оның 2017-2018 жылдары делдалдар арқылы жүйелі түрде пара алып отырғанын да түпкілікті тексеріп жатыр...

Миллиардтап ұрлаған жемқорлардың тізімін келтірмей-ақ мына бір ресми дерекке назар аударып көрелікші. Қазақстанды жайлаған жемқорлықтың жай-жапсарын Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев «Атамекен» палатасы жанындағы көлеңкелі экономика мен жемқорлыққа қарсы кеңесінің отырысында мәлімдеген болатын. Кеңестің сараптау тобы Ұлттық компаниялардың еншілес мекемелерінде сатып алуларға бақылау мүлдем жүргізілмейтінін анықтаған. «Самұрық-Қазынаның» еншілес компаниялары қордың сатып алулар бойынша талаптарына пысқырып та қарамайтын көрінеді. Шпекбаевтың айтуынша, Қазақстан экономикасынан жыл сайын шамамен 1 трлн. 250 млрд. теңге жемқорлардың қалтасына кетеді екен. Бұл еліміздің ЖІӨ-нің 2 пайызы. «Біз тек бір жылда осы ақшаға 628 мектеп пен 1256 балабақша салар едік. 1 жылда барлық әлеуметтік нысандардың қажеттілігін жабуға болар еді» – деген-ді А.Шпекбаев.

«Айта-айта «Алтайды», Жамал апай қартайды» – демекші, қолына қалам ұстап сыбайлас жемқорлықты сынап жазып келген сол кездегі қырықтағы қылшылдаған журналистер бүгін зейнеткерлікке шығып, қартайып отыр. Ал жемқорлық болса жылдан жылға жасарып, күннен күнге күш алып келеді. Бұл жауыз ертегідегі жеті басты айдаһардан да асып түсті. Мыңдаған бас шабылса да, жаңасы өсіп шыға келеді. Басқа басылымдарды айтпағанда, бір ғана «Қазақ үні» газеті жиырма жылдық ғұмырында осы тақырыпта қаншама сын мақалалар жариялады.

Басылымдар мен телеарналар былай тұрсын, 2008 жылы Елбасының «Сыбайлас жемқорлыққа он мәрте күйрете соққы» атты құзырлы бағдарламасының да әсерін көрмедік. Ия, ұрандатып басталған бұл шараға бұқара бастапқыда үлкен үміт артқан-ды. Алайда, тағы да алданып қалды аңқау ел. Қайда сол қоғамды күйреткен қылмыстың қабырғасын қақырата сөгеді деген он соққы? Он соққыны маса шаққан құрлы көрмеген жемқорлық айылын да жиған жоқ, жеңісті жорығын алаңсыз жалғастырып келеді. Соған қарағанда жеңілістен көз ашпайтын нашар боксшы сияқты біздің соққыларымыз сырт кетіп, нысанаға дөп тимегенін мойындауымыз керек. Осы соңғы ширек ғасырда сыбайлас жемқорлық мәселесі күн тәртібінен түсіп көрген емес. Қаншама бағдарламалар қабылданып, ордалы отырыс төрінде үстелді жұдырықтаған шенеуніктердің жалынды сөзі жемқорлық үшін жай ғана сырт көзге жасалған қоқанлоққы күйінде қалды. Одан басқа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламасы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы» атты кезекті жобалар да жалаң ұран ғана болып қалғанын көрдік. Ұсынылған бағдарламалар мен атқарылған шаралардан қандай нәтиже шыққаны ешкімді толғандырмайтын сияқты. Оны талап етіп жатқандарды, осыны атқаруға міндетті лауазымдылардың жауапқа тартылғанын көрмедік.

Әлемдегі дамыған елдерде кәсіподақ пен түрлі партиялардың саясатқа ғана емес, экономика мен әлеуметтік ахуалға, сол сияқты өмірдің басқа да саласына ықпалы зор. Бұны демократиялық қоғамның қалыптасқан заңдылығы десек те болар. Біз де демократиялық қоғам құрып жатқан елміз. Бізде де көппартиялық жүйе бар деп әлемге жар салып жүрміз. Бұқараны жарқын болашаққа бастайтын сол партияларымыз қайда? Олар неге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік көрсетпейді? Бұлшық етін ойнатып, сыбайлас жемқорлықты сойылмен соққандай сілейтіп саламыз деп білек сыбанып кіріскен, ең мықты деген біздегі «Нұр Отан» партиясының өзі дәрменсіз болып шықты. Сөйтсек, жемқорлардың басым бөлігі сол партияның өз ішінде жүр екен ғой. Олай дейтініміз, қомақты қаржы ұрлағандардың көбісі лауазымдылар. Ұрылардың тобырында министрлер мен әкімдер де, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, миллиардтаған қаржы бөлінген мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға тиісті жауапты қызметкерлер де толып жүр. Сол лауазымдылардың бәрі мемлекеттік қызметкер санатындағы осы биліктегі партияның мүшелері емес пе? Рас, ұйымның атына кір келтірмес үшін оларды соттардың алдында қызметінен босатып, партия қатарынан шығарып тастайды. Сонда бұл партия кіммен күресіп жатыр? Өзімен өзі ме? Бұл – адамның бір қолы ұрлап, екінші қолы оны ұстап жатқанға ұқсамай ма? «Өз қолыңды өзің кесе алмайсың» деген халық даналығы осындайда айтылған болар. Ал, біздегі басқа партиялар тым әлсіз, олар «Нұр Отанның» көлеңкесінен шыға алмай қалды. Өйткені Мәжілістің өзінде билік партиясының қасында олар тым аз, он пайызды әзер құрайды. Сол себепті олардың дауысы өтпей қалады. Сонда халық кімге, қай партияға, қай билікке сенуі керек? Біздің көптеген оқырмандарымыз тарапынан айтылып жатқан осы тектес пікірлерді сараптап қорытындыласақ дәп осындай ой түйіндеуге тура келеді.

Осы тұста мына бір шындықты айта кеткен жөн деп білеміз. Біздегі бағдарламаларға бөлінетін қаржы Мәжілісте талқыланып, қабылданады. Оның орындалу барысы туралы сала басшыларының есебін де тыңдайды. Демек, осының бәрі халық қалаулыларының қатаң бақылауында болуға тиісті. Мәжілісте 107 депутат тұрақты жұмыс істейді, соның ішінде «Ақ жол» партиясынан небары 7 депутат бар. Әділін айту керек, саны жағынан аз болғанмен «Ақ жол» депутаттық фракциясы ел экономикасын дамытуға байланысты, жемқорлықпен күреске қатысты мәселелерді өзгелерге қарағанда жиі және тұрақты көтеріп келеді. Мысалы жақында ғана «Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашев жемқорлардың халықтан ұрлаған қаржысы Ұлттық қордағы қаражаттан екі есе көп екендігін мәлімдеді. Олар ұсталған күннің өзінде бостандыққа шыққасын, молынан қарпып қалған капиталдарына қайта ие болады. Оның үстіне сол ұрылар рақымшылыққа ілініп, мерзімінен бұрын босатылып жатады.

Осының алдында ғана жемқорлардан 180 миллион теңге қайтартқызған «Ақ жол» партиясы Бас прокуратураға жемқорлық қаражаттың оффшорларға кетуін тоқтату туралы тағы да ұсыныстарын жолдады. Өзінің депутаттық сауалында Азат Перуашев күні бүгінге дейін Қазақстаннан сыртқа кем дегенде 167 млрд. доллардан астам қаражат шығарылғанын атап өтті. Бұл-халықаралық сарапшылардың анықтамасындағы деректер ғана. Салыстырсақ жемқорлардың халықтан ұрлаған сомасы еліміздің шынында да тәуелсіздік жылдарында мұнай сатылымынан түскен Ұлттық қордағы қаражатынан екі есе көп. Партия 2012 жылдан бастап уәкілетті органдардан ұрланған миллиардтарды Қазақстанға қайтаруды талап етіп келеді. Бірақ билік бұған құлақ асқан емес.

«Біздің алдымызда ұрланған ақшаны қайтару мәселесі ғана емес, сыртқа тоқтаусыз кетіп жатқан заңсыз капиталдың орын алуына жол бермеу міндеті тұр» – дейді партия төрағасы. Сондықтан жемқорларға деген заңды барынша қатайту қажет. Мысалы, АҚШ-тың бірнеше штаты жемқорлық бойынша 10-15 жылға сотталған азаматтарды мерзімінен бұрын босатуға тыйым салған. Дәл осындай заң Беларусь мемлекетінде де қабылданды. Мұндай заң жобасын РФ Мемлекеттік Думасы да енгізді. Қазақстан ғана жариялы түрде ұзақ мерзімге сотталушыларды бірінші мүмкіндік туған жағдайда еш айғайшусыз бостандыққа шығарады. Сондықтан, «Ақ жол» фракциясы шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндіктеріне жол бермеу және сотталушылардың ұрланған қаражат сомасын толық өтемейінше, елден сыртқа шығуына тыйым салуды ұсынып отыр.

Ия, сыбайлас жемқорлық дүниежүзі елдерінің біразында бар. Оған ешкім де қарсы дау айта алмайды. Бірақ дәп біздегідей жемқорлық жаппай жайлаған елдер өте аз.Сондықтан да сыбайлас жемқорлыққа күрес бойынша халықаралық рейтингте соңғы сатылардың бірінде тұрмыз.

Экономика саласына тікелей жауапты Министрлер кабинетіне де құт қонбай қойды. Оның басшысын 2-3 жылда бір ауыстырғаннан да пайда болмады. Қарапайым халық сол үкіметтен үмітін үзіп, енді кімге сенім артарын білмейді.Министрлер мен әкімдерді бір орыннан екінші орынға ауыстырғандары да ешқандай нәтиже берген жоқ. Керісінше сол ауыстырулар қазіргі ауыр жағдайға алып келді десек қателеспейміз. Тамыр-таныстық арқасында ертеңінде-ақ екінші бір жылы орынға жайғасатынын білетін басшы бірдеңе бітіре қояды дегенге кім сенеді?

Биыл тағы да үкімет басшысы ауысты. Тіпті отыз жыл бойы бір орында тапжылмай отырған Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев та биліктен өз еркімен кетті. Нәтижесінде не өзгерді? Жаңа Президент пен жаңа Үкімет қандай нақты шараларды қолға алды, соған тоқтала кетейік. Әзірге мақтана қоярлық оң өзгеріс жоқ, баяғы сол сөзбұйда. Рас, сыбайлас жемқорлыққа байланысты отырыс өткізген Тоқаев биліктің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының жеті негізгі шарасын атап өтті. Бірінші – қол астындағы қызметкерлердің жемқорлыққа қатысы болса, бірінші басшылар тікелей жауап беретін болады. Екінші – қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қалыптастырып, адамдардың құқықтық сауатын арттыру. Үшінші – қоғамдық бақылауды күшейту. Төртінші – бюджеттік саясаттың ашықтығы. Халықтың қаржысы тиімсіз жұмсалса, оның жазасын қатаңдату. Бесінші – жемқорлыққа қарсы саясатта өңірлердің рөлін күшейту. Бюджет шығындарын жоспарлауға, әсіресе, өңірлерде халықтың өкілдерін қатыстыру. Алтыншы – мемлекеттік қызмет көрсетуді ашық етіп, электронды нұсқаға көшіру. Жетінші – мемлекеттік сатып алу жүйелерін жетілдіріп, бизнеске әкімшілік қысымды төмендету. Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алуларды орталықтандырып, әлеуметтік саладағы бюджеттік мекеме басшыларын бұл міндеттерден босату. «Егер біз жемқорлықты түбегейлі жоюды міндет етіп алсақ, меніңше, мемлекеттік орган басшылары мұндай жағдайда отставкаға кетуі керек» дегенді де айтып қалды Тоқаев. Елбасының бағытын берік ұсанамын деген жаңа Президенттің бұл сөзі сенімсіздеу шықты.

Бірінші басшылар орынбасарларының қолымен от көсеп отырғандығын біздің газет кем дегенде 4-5 жыл бойы жазып келгенді. Қол астындағылар арқылы жемқорлықпен айналысатын басшыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту керектігін де ұсынғанбыз. Өкінішке орай бұл ұсыныс биліктің құлағына енді жеткен секілді. Оның өзінде іске аса ма, жоқ па белгісіз. Айту жағынан бұрынғы Президентіміз де ширек ғасыр бойы майын тамызып келді. Бұл жерде айту ғана емес, нақты іс керек. Тоқаев өзінің осы айтқан жеті ұсынысын іске асыра ала ма, оны уақыт көрсете жатар. Бір ғана тілек – Президенттің ұсынысы тағы да кезекті жалаң ұран болып қалмаса екен.

Жемқорлықты тоқтатудың тағы бір тетігі бар. Сала басшылары мен түрлі деңгейдегі әкімдерді отставкаға жіберу мәселені түпкілікті шешпейді. Жоғарыдан тағайындалған басшы жемқорлығын тоқтатпайды. Өйткені олар сол өзін тағайындаған жоғары биліктегілермен сыбайлас, тіпті сол қызметі үшін пара да береді. Сондықтан аймақ, аудан, ауыл әкімдерін, судьяларды жергілікті халықтың өзі тікелей сайлауы керек. Тұрғындар қызметке сайлағаны үшін олардан пара сұрамайды. Жұмыс істей алмаса орнынан өздері алып тастай алатындай мүмкіндік берген жөн бұқараға. Халықтың алдында есеп берсе жауапкершілік те артады. Бәлкім, сонда «ғасыр дертінен» арылатын шығармыз. Қалай десек те, жемқорлықты жоймай халықтың тұрмысын жақсарта алмайтынымыз анық.

**2-3-бетті дайындаған Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# «АК ЖОЛ» ПРОВЕДЁТ АКЦИЮ «АЛАШҚА ТАҒЗЫМ»



**Руководство партии «Ак жол», несмотря на запрет акимата, проведёт акцию «Алашқа тағзым». Об этом заявил Азат Перуашев в своём видеообращении, распространённом в соцсетях 22 мая. Текст обращения (в сокращении) приведен ниже.**

Уважаемые казахстанцы!

Как известно, на днях акимат города Нур-Султан отказал партии «Ак жол» в проведении шествия «Алашқа тағзым» в день памяти жертв политических репрессий.

Основания отказа – сплошная ложь. В нашем заявлении была предоставлена вся необходимая по закону информация.

Можно понять мотивы госорганов: они опасаются провокаций и беспорядков в период выборов. Но в реальности никому не нужны нагнетание озлобленности и ненависти.

В ослаблении государственных институтов слишком большие риски как для самих граждан, так и для государства. А Казахстану нужно сильное государство, как гарантия нашей Независимости и территориальной целостности.

В то же время нам нужно не только сильное, но справедливое и прогрессивное государство, где каждый сможет реализовать свои возможности и свои права.

В этой связи заявляю, что, несмотря на запрет шествия, акция «Алашқа тағзым» состоится. Руководство и депутаты партии



«Ак жол» 31 мая придут к памятникам жертвам репрессий с портретами деятелей «Алаш» и своих репрессированных предков, чтобы возложить цветы и прочитать молитву их душам, отданным за свободу нашего народа. Это не митинг, поэтому мы больше не будем просить разрешения, а используем своё конституционное право почтить героев Казахской Республики.

# ЗАЩИТИТЬ ИНТЕРЕСЫ КАЗАХСТАНА В СКАНДАЛЕ С ИСПОРЧЕННОЙ НЕФТЬЮ!

**Азат Перуашев требует защитить интересы Казахстана в международном скандале с испорченной нефтью – депутатский запрос в адрес Министра энергетики был озвучен руководителем «Ак жола» 15 мая на пленарном заседании Мажилиса (текст приводится ниже).**

## МИНИСТРУ ЭНЕРГЕТИКИ РК БОЗУМБАЕВУ К.А.

Вот уже несколько недель российские и международные средства массовой информации обсуждают скандал с загрязнением нефти, поступающей через Белоруссию в Европу по трубопроводу «Дружба».

Буквально 14 мая один из отечественных Телеграмм-каналов («Строгий агашка») со ссылкой на агентство Reuters выяснил, что среди 37 млн баррелей испорченной нефти стоимостью 2 млрд 600 млн долларов США есть и казахстанская нефть.

И хотя источник загрязнения был обнаружен на участке Самара – Унеча, а российские правоохранительные органы возбудили уголовное дело и арестовали четверых подозреваемых по статье о повреждении нефтепровода по предварительному сговору, целый ряд европейских получателей нефти – Польша, Чехия и Венгрия – объявили о прекращении приема нефти из данного трубопровода, а Беларусь обвинила российскую сторону в том, что некондиционная нефть нанесла ущерб ее нефтеперерабатывающим заводам, и потребовала денежной компенсации. Финансовые претензии к оператору ожидаются и от западных партнёров.

По данным экспертов, по маршруту «Атырау – Самара» прокачивается ежегодно около 15 миллионов тонн нефти из Казахстана, но теперь российский оператор трубопровода – компания





«Транснефть» обратилась к поставщикам с просьбой сократить поставки нефти, пока «грязное сырье» не будет слито из трубопроводов и утилизировано.

Между тем, по оценкам источников, на чистку трубопровода потребуется около полугода. То есть, наша страна несёт прямой ущерб не только в доле испорченной нефти, но также упущенную выгоду в виде сокращения объемов поставок, что может привести к срыву исполнения контрактов и появлению финансовых санкций со стороны покупателей уже и к казахстанским компаниям.

В этой связи, фракция «Ак жол» просит министерство энергетики Республики подтвердить либо опровергнуть изложенную информацию, а в случае её подтверждения – обеспечить защиту национальных экономических интересов.

И прежде всего – прояснить, в какую сумму оценивается ущерб от данного чрезвычайного происшествия для нашей страны, каким образом предполагается его компенсировать, и планируется ли в этой связи предъявление финансовых претензий российской стороне (в лице оператора трубопровода), что, на наш взгляд, было бы логичным и обоснованным шагом.

**С уважением,**
**депутаты фракции «Ак жол»**

# «АК ЖОЛ»: КОГДА ПРИМУТ ЗАКОН О ЗАЩИТЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ОТ РЕЙДЕРСТВА?!

**Учащение рейдерских атак на бизнес говорит о монополизации экономики – партия «Ак жол» требует разработать закон о защите предпринимателей от рейдерства. Соответствующий депутатский запрос фракции озвучила 15 мая Меруерт Казбекова (текст приводится ниже).**

## ПЕРВОМУ ЗАМЕСТИТЕЛЮ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА РК СМАИЛОВУ А.

Коррупция для любого государства является одной из угроз безопасности, в том числе национальной. Коррупционные преступления, безусловно, тормозят развитие экономических, социальных и иных процессов в обществе. Если вор крадет вещь у одного человека, то коррупционер ворует у всего народа, и не только деньги, но и веру в государство.

В партию «Ак жол» обращаются предприниматели на незаконные действия недобросовестных чиновников, связанные с захватом их бизнеса под различными предлогами.

В прежние годы рейдерским атакам подвергались крупные и доходные предприятия, а в настоящее время интерес проявляется к предприятиям малого и среднего бизнеса, что помимо прочего, говорит о значительной монополизации экономики.

При этом имеет место преобладание так называемого «черного рейдерства», т.е. осуществляемого с нарушением законодательства и вмешательством в работу предприятий со стороны недобросовестных чиновников. Сегодня предпринимателю становится важно не только уметь создать свой бизнес, сколько быть в состоянии его защитить.

Схемы захвата бизнеса используются самые изощренные. Выносятся решения посторонних организаций о передаче управления предприятиями третьим лицам.

При участии чиновников принимаются решения о сносе объектов, переносе предприятий, торговцы понуждаются к переходу на другие рынки в ущерб собственным интересам и т.д.

В практике фракции «Ак жол» имеются конкретные примеры, в том числе с отменой противоправных решений после нашего вмешательства.

Имеются случаи, когда налоговые органы выступают инициаторами дел о банкротстве предприятий при задолженности менее чем в половину от суммы их имущества, и, несмотря на то, что они могли бы спокойно погасить эту задолженность,



происходила принудительная ликвидация. Сами бизнесмены нередко усматривают в таких действиях не заботу о государственных интересах или экономике, а чисто рейдерские схемы.

В целом, мы видим нарастание тревожной тенденции разнообразных методов и форм захвата, либо уничтожения чужого бизнеса, нередко связанного с вымогательствами.

Примечательно, что еще в 2009 г. первый президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, поручал разработать закон против рейдерства, указав при этом, цитирую: «Когда речь идет о рейдерстве, обязательно участвуют чиновники. Сначала наезд, а потом отбирают бизнес. Мы должны поставить законный заслон рейдерам. Частная собственность должна быть свята, незыблема – к этому надо нам двигаться». Однако до сегодняшнего дня это поручение так и не исполнено.

В этой связи, фракция ДПК «Ак жол» считает необходимым вернуться к указанному поручению Елбасы и дать соответствующие поручения о разработке Закона по противодействию рейдерскому захвату бизнеса, где нашли бы свое отражение меры защиты предпринимателей от произвола и рейдерских схем.

**С уважением,**
**Депутаты фракции «Ак жол»**
**Пресс-служба «Ак жола»**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ХАТ

# ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕНДЕР ТҮРМЕДЕ – ҚУДАЛАҒАНДАР МІНБЕДЕ...

## СУ РЕСУРСТАРЫ КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫ ИСЛАМ ӘБІШЕВ КЕЗЕКТІ НЕГІЗСІЗ ЖАЛАНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛУДА...

**Бүкіл ғұмыры ел игілігі жолында ерен еңбек етумен келе жатқан, мемлекет мүддесін қорғауда жанкештілігімен белгілі, адал да іскер басшы, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткер, игілікті істерімен исі қазаққа танымал Ислам Әбішевтың аяқ асты, кенеттен тұтқындалуы елдің төбесінен жай түскендей әсер етті. Ал Қазақтың атқа мінгендері құласа, алақайлап шабатын кейбір басылымдар асыра сілтеп, жарыса жазып жатты...**

Онтүстікті ордалы өлке етуде онды істерімен көрінген, Өскеменді өскелең қала еткен, су саласын ел мүддесіне жаратып келе жатқан, сол үшін Елбасының талай алғысы мен марапатын иеленген Су ресурстары комитеті төрағасы Ислам Әбішевті ел мемлекет мүддесін қорғаушы, іскер де дарынды ұйымдастырушы, алғыр да адал азамат ретінде жақсы біледі. Ол осы қызметке кірісе салысымен, мемлекет қазынасынан алдымен 300 миллиард теңгені үнемдегенде жоғары жақ та, қарапайым халық та риза болған еді. Кейін мемлекеттік бағдарламаға бөлінгелі тұрған 1 триллион 500 миллиард теңгенің 1 триллиондайын үнемдегені кезінде баспасөзде көп жазылды.

**Сонымен барлығы мемлекет қаржысынан, яғни, сіз бен біздің, халық қазынасынан жеке қалталарға жем болғалы тұрған 1 триллион 300 миллиардтай теңгені үнемдеді. Ал өзге мемлекетте мемлекет мүддесін осылай қорғаған бұндай іскер де, адал басшыны маңдайынан сыйпап, марапаттаушы еді... ал бізде тұтқындап отыр...**

Бірақ бұл халық қазынасын қызғыштай қорғап, қыруар қаржыны үнемдеуі Ислам Әбішевтың өзіне де оңай болмай, тым «қымбатқа» түсті. Енді міне, алдағы екі айға жетер-жетпес уақытта зейнет демалысына шықпақшы болып отырғанда, күмәнді біреулердің жала жапқан арызы бойынша ешқандай нақты дәлелсіз кенеттен тұтқындалды... Атпал азамат, қаранар қайраткеріміздің Халық игілігі үшін «Күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, қара терін төккен» күндерінің өтеуі – пайғамбар жасына келгенде, жүрегі ауру, қан қысымы 160-тан түспейтін жағдайда тастай суық тас түрмеде күнін өткізу болып тұр...

**1. Бәрі 2012-2013 жылдары** Су ресурстары комитеті төрағасы Ислам Әбішевтің Су саласына бюджеттен бөлінер қаржыдан 300 миллиард теңгені үнемдегенінен басталды. Қолдан сусып шығып кеткен миллиардтардың тасасында тұрғандар тас атқылап, талай жалаға ұшырады. Исекең оның бәрінен күйе жұқтырмай, талай тексерістен таза шықты. Соңына шам алып түскендер Исекеңді ақыры жұмыстан кетірді. Соның кесірінен Ислам Әбішев 9 ай жұмыссыз жүрді.

**«Аққа құдай жақ» дегендей, ақыры кімнің кім екенін бәрімізден жақсы білетін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «ҚР Су ресурстарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» одан үш есе арзан, есесіне бірнеше есе жұмыс көлемі артық балама бағдарлама ұсынған Ислам Әбішевты өзі шақырып алып, өзінің бұрынғы төрағалық төріне қайта отырғызды.**

Содан бері Ислам Әбішев елімізді суландыру саласында мемлекеттік бағдарлама қабылдатып, талай жерді суландырып, халық қазынасынан триллионнан аса қаржы үнемдеп, мемлекеттік деңгейдегі менеджер ретінде танылды. Инвестиция тартуда да икемділігін көрсетіп, ауыл шаруашылығы саласына қыруар қаржы түсірді.

**2. 2015-2016 жылдарыИслам Әбішев мемлекеттік бағдарламаға бөлінгелі тұрған 1 триллион 500 миллиард теңгенің 1 триллиондайын үнемдеді.** Сол-ақ екен, тексеріспен тыныштық бермегендер ақыры тағы бір алаяқтың арызы арқасында «Қазақстан су



шаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бұрынғы бас директоры Өмірбек Жампозовты жазықсыз тұтқындады.

Иә, әділетсіз жалаға күйіп кеткен Өмірбек Жампозов 2017 жылы 20 шілдеде Ақмола облысы Целиноград ауданы прокуратурасы алдында прокуратура қызметкері мен полицейге оқ атып, жаралаған. Содан соң «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін құрбандарының қасірет мұражайы алдында өзін атып өлтірді.

**3.** Ал 2018 жылы Су ресурстары комитеті «ҚазСуШар» Алматы филиалы директоры Сейілхан Мұхамедиев Мырзаханұлы тергеушілердің тергеуі үстінде 4-ші қабаттан секіріп кетіп, жұмбақ жағдайда қайғылы қазаға ұшырады...

Су шаруашылығы басшыларын «аулаудың» ақыры міне, Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішевтің өзіне жетіп, негізсіз тұтқындауға келіп тірелді...

**4. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда Ауылшаруашылығы министрі Сапархан Омаровты қабылдағанда, суармалы егіншілік жерлерін 1,4 миллионнан 2 миллион гектарға арттыруды жалғастыру, сондай-ақ, егістік алқаптарын әртараптандырудың қажеттігін тапсырды.**

Міне, мемлекет басшысы баса назар аударғандай, Ислам Әбішевтың басшылығымен соңғы 2018-2019 жылдары 1,4 миллион гектар жерге қосымша енді бұрын жарамсыз болып келген 610,0 мың га жерді суландыруға барлық жоспарын жасап, кірісіп кетуге дайын тұрған болатын... Ал бұл қаншама мыңдаған жұмыс орны екені белгілі.

Екі айдан соң зейнетке шығатын Ислам Әлмаханұлы халық қазынасын – мемлекеттік мүддені қалай қорғаса, Ұлттық мүддені де қорғауда да сондай табандылық танытып жүреді. Өзі әкім болған үш жылда үлгілі де, өскелең қалаға айналдырып жіберген Өскеменнің көркін ғана көркейтіп кеткен жоқ, экономикалық-әлеуметтік деңгейін де биік көтерді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Өскеменге бір келгенде Ислам Әбішевтың еңбегіне қатты риза болып, «Өскеменді лезде өзгертіп жіберіпсің» деп, арқасынан қағып кеткен болатын.

Сондықтан да Ислам Әбішев қызмет бабымен Астанаға ауысарда қаланың тайлы-тұяғы қалмай, сүйікті әкімін шығарып салушылар әуежайды басып қалды... Бұл оқиғаны жергілікті орыс тілді газеттер «Өскемендіктер наймамен қарсы алған әкімді көз жасымен шығарып салды» деп жазды.

Исекең мемлекет мүлкі, халық қазынасы түгілі ешкімнің ала жібін аттамайтын, қиналғанға астындағы жалғыз атын түсіп беріп кете беретін ақ көңіл де, адал, иманды, зады зиялы жан. Енді міне, мемлекеттің триллионнан аса қаржысын үнемдеп, халық қазынасын қорғап, ел игілігіне еңбек еткен Ислам Әбішевтің тағы да тосқауылға тап болып, дәлелсіз-дәйексіз тас түрмеде күн өткізіп, қамауда жатқанын қалай түсінуге болады?

Ал тапсырыс беруші кім болуы мүмкін? Дәу де болса, Ислам Әбішевтың мемлекет қаржысынан үнемдеген миллиардтары жанына қатты батып кеткен шонжарлар болуы мүмкін... «Аққа құдай жақ» дегендей, ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Ертең тасадан тас атқыштар да істеген істеріне Ар алдында да, Заң алдында да, ең бастысы Алла алдында жауап береді.

«Қазақ үні» газеті мен ұлттық порталында жарияланған **«ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕСЕҢ – ТҮРМЕГЕ ТҮСЕСІҢ»** атты мақаланы бір күнде он мыңға жуық адам оқып, әлеуметтік желіде қаншама адам бөлісіп, қаншама оқырман пікір жазып, айтулы азаматты айқын қолдап, өз үндерін қосуда.

Біз, Ұлт зиялылары, елі үшін еселі еңбек етіп келе жатқан еріміз Ислам Әбішевтың ісі әділ де, оң шешілуін, жазықсыз азамат жала құрбаны болып, бекерге күйіп кетпеуін сұраймыз.

***Құрметпен, ұлт зиялылары:***
***Мәтінді толық оқыдым, қолдаймын және қолымнан бас тартпаймын:***

Қабдеш Жұмаділов, жазушы, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Сәбит Досанов, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты; Дулат Исабеков, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Нұрғали Нүсіпжанов, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Роза Рымбаева, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Төлен Әбдік , жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Бексұлтан Нұржекеев, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Досхан Жолжақсынов, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Смағұл Елубай, жазушы, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері, Темірхан Медетбек, ақын,Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Рафаэль Ниязбек, ақын, «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының лауреаты; Исраил Сапарбай, ақын, Тәуелсіз Платиналы Тарлан сыйлығының лауреаты, «Парасат» ордені иегері; Тұрсын Жұртбай, жазушы, алаштанушы; Төлеген Мұхаметжанов, композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, композитор; Талғат Теменов, режиссер, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Ұлықбек Есдәулет,ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері; Есенғали Раушанов, ақын,Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері; Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Көпен Әмірбек, «Ара» газетінің бас редакторы, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Сембек Жұмағалиев, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Ақжол Мейірбеков, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Нұрлан Өнербаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Дандай Ысқақ, филология ғылымы докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері, Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі; Мырзагелді Кемел, экономика ғылымы доқторы, профессор; Құлбек Ергөбек, филология ғылымы докторы, профессор, Бақыт Сарбалаұлы, сыншы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Жанғали Жүзбай, күйші, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері; Ханбибі Есенқарақызы, ақын, Қазақстанның Еңбегі сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Марат Тоқашбай, журналист-жазушы, «Президент және Халық» газетінің Бас редакторы, ҚР Педагогика ғылымы академиясының корреспондент мүшесі; Ұлықпан Сыдықов, техника ғылымы докторы, профессор; Дариға Тұранқұлова, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Айжан Нұрмағамбетова, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Бағдат Сәмединова, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Бахтияр Тайлақбаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Гүлнар Сихымбаева , Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Марат Ильясов , композитор, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Марат Омаров, композитор, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі; Нұрлан Байкөзов, композитор, Қазақстанның Мәдениет қайраткері; Гаухар Балтабаева, филология ғылымы докторы, профессор, Ғалым Жайлыбай, ақын, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Секен Тұрысбеков, күйші,Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері; Ертай Ашықбаев, ақын-журналист, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Бауыржан Қарабек, ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Қасымхан Бегманов, ақын, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Ертай Айғалиұлы, «Qazaqstan da'y'iri» газетінің бас редакторы; Ермұрат Бәпи, журналист, «Дат» жобасының жетекшісі; Серік Жанболат, журналист, «Алаш айнасы» порталы Бас редакторы; Бауыржан Жақып, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы төрағасының орынбасары, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты; ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі; Қазыбек Иса, ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Халықаралық С. Есенин атындағы сыйлық – «Алтын Күз» ордені иегері, ЮНЕСКО Әлем өнері мен мәдениеті академиясының академигі; Маралтай Райымбекұлы, ақын, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Бақыт Беделхан, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы төрағасының орынбасары, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты; Бауыржан Бабажанұлы, ақын-журналист, «Ақтөбе» облыстық газетінің бас редакторы; Дәурен Қуат, жазушы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы; Абзал Құспан, заңгер, адвокат; Жұбаныш Жексенұлы, әнші, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері; Елена Әбдіхалықова, әнші-сазгер, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері; Лұқпан Жолдасов, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Медеу Арынбаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қыдырәлі Болманов, әнші, продюсер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Жанар Айжанова, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Бақыт Шадаева, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Жеңіс Ысқақова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Жеңіс Сейдоллаұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Болат Құсайынов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Алтынай Жорабаева, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Маржан Арапбаева, әнші, «Азия дауысы» байқауының жеңімпазы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Саят Медеуов, әнші, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Гаухар Әлімбекова, әнші, Халықаралық байқаулардың жүлдегері; Алма Аманжолова, әнші, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Қалдыбек Құрманәлі, композитор, «Құрмет» орденінің иегері; Асқар Наймантаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Мұхаметжан Мырзакеев, Қазақстанның Мәдениет қайраткері; Гүлбаушан Тілеубекова, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Данагүл Темірсұлтанова, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Ұлан Нүсіпәлі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Дархан Дайырбай, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Асқар Жүнісбеков, әнші, «Жас қанат» байқауының лауреаты; Қайрат Түнтеков, әнші, «Суперстар» жобасының жеңімпазы; Дәулеткерей Кәпұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы төрағасы, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайраткері; Мырзан Кенжебай, ақын, «Мәдениет» журналы бас редакторының орынбасары, ҚР Мәдениет қайраткері; Құлтөлеу Мұқаш, журналист-жазушы, «Қазақ үні» газетінің Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты; Берік Бейсенұлы, журналист, «Қамшы.кз» сайтының Бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты; Сәуле Әбілдаханқызы, тележурналист, блогер «Астана-Ақжүніс» журналының Бас редакторы; Мағауия Қозбағаров, «Тамашаның тарланы, «Күлкістан» театрының директоры, продюсерер; Есқайыр Бабаханов, «Дос-Мұқасан» тобының мүшесі, Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының директорының орынбасары, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Болат Бөкенов, Абай атындағы опера және балет театрының әншісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері; Сейфуллин Жолбарыс, әнші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Сая Махамбет, әнші, Халықаралық байқаулардың жеңімпазы; Ерғали Әбдірайымов, «Жігіттер» тобы продюсері, Есен Елеукен, «Жайдарман» КВН жобасының продюсері; Нұрлан Еспанов, әнші, композитор; Өктем Алтаев, әнші-сазгер, Қазақ өнерінің қайраткері Бақытжан Қажымұқанов, әнші, композитор; Әділхан Қабылов, Тамашаның тарланы ; Өмірзақ Ақжігіт,тәуелсіз журналист; Серік Мәмбетов,тәуелсіз журналист; Қажымұқан Ғабдолла, «Жүздесу» газеті бас редакторы, «Қазақ елі» қоғамдық ұйымы төрағасы; Дастан Елдесов, журналист, ҚР Ақпарат ісінің үздігі; Бақытжан Алдияр, ақын, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты; Сәкен Сыбанбай, журналист, ҚР Ақпарат ісінің үздігі; Әлібек Шегебай, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы Түркістан облыстық филиалы төрағасы, Қазақстанның «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты; Бекжан Әшірбаев, журналист, ҚР Ақпарат ісінің үздігі; Нартай Өтегенов, тележурналист, ҚР Ақпарат ісінің үздігі; Серік Сейтман, ақын, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты; Азамат Тасқараұлы, ақын, Qazaquni.kz порталы Бас редакторы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты; Төлемырза Темірбекұлы, журналист, «Төртінші билік» газеті Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері; Нүргелді Әбдіғаниұлы, «Абай.кз» сайты Бас редакторының орынбасары, Ақпарат саласының үздігі; Сәлия Әбдікәрімова, журналист, «Жұрағат» журналы Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері; Зейнолла Абажан, журналист, ҚР Ақпарат ісінің үздігі; Гүлмира Садық, журналист, Республикалық байқаулардың жүлдегері; Батырхан Сәрсенхан,ақын, журналист, Республикалық «Шабыт» фестивалының Гран При иегері; Геройхан Қыстаубай, тәуелсіз журналист, қоғам белсендісі; Әуелхан Шонжан, блогер, қоғам белсендісі; Алтынбай Мұса,ҚР Мәдениет қайраткері; Мәмбет Құрманбаев,блогер, қоғам белсендісі; Жасұлан Иса, заңгер, тіл күрескері; Мұқағали Балқыбай,қоғам белсендісі, тіл күрескері; Тәшман Шекеров, әнші-термеші,ЮНЕСКО «Ұлттық өнер жанашыры» марапаты иегері; Әбдіғаппар Айдаров, әнші-термеші, Халықаралық термешілер конкурсы байқауының лауреаты, ЮНЕСКО «Ұлттық өнер жанашыры» марапаты иегері; Әкім Мұсақұлов, әнші-сазгер, ҚР Мәдениет қайраткері; Тұрғанбек Қанаев,ақын, ҚР Журналистер одағы мүшесі; Нұрғали Ибрайым, педагог, ақын, Республикалық мүшәйралардың жүлдегері, ҚР Журналистер одағы мүшесі; Әбдімәлік Ағыбай, журналист, ҚР Журналистер одағы мүшесі; Нұрмахан Қары, журналист-баспагер, ҚР Журналистер одағы мүшесі; Ораз Момын, кәсіпкер, қоғам белсендісі; Сәбит Лахан, журналист, ақын, Республикалық мүшәйралардың жүлдегері; Құрбанбек Шәмет, ақын, ҚР Журналистер одағы мүшесі; Бегайдар Смадиярұлы,ел ағасы, ауыл биі; Жұмабай Исым, ел ағасы, ауыл биі; Ұлмекен Лесбек, журналист, ақын, Республикалық мүшәйралардың жүлдегері; Құдияр Біләл, жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері; Бауыржан Тұрғара, композитор, ҚР Мәдениет қайраткері, Юрий Владимирович Ан, кәсіпкер; Бақыт Қалымбет, тіл жанашыры, Алматы қаласы әкімі аппаратының қызметкері.

**Барлығы 137 адам қол қойған. Қол қою жалғасуда.**



Қазыбек ИСА:

# ЖЫРЛАРЫМ НАУАЙЫНЫҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІН БОЛДЫ

## Қасиетті Рамазан айындағы Ташкент сапары сәтті өтті

**Еліміздегі Президент сайлауы барысымен Оңтүстікке – Шымкент-Түркістан өлкесіне барып қалғасын, көптен ойымда жүрген, өлеңдерімді өзбек тіліне аудару мәселесімен Шымкенттен 100 шақырымдай жердегі Ташкентке тартып кеттім. Сайлаудың әр күні қарбалас болып жатқандықтан уақыт табу да оңай емес... Президенттікке үміткер Дания Еспаеваны Оңтүстікке бастап келген «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев менің 50 жасқа толған мерейтойымда айтқан: «Саясат – уақытша, Поэзия – мәңгілік» деген сөзіне беріктігін танытып, «Өлеңдеріңіз өзбек тіліне аударылатын болса, Ташкентке барып келіңіз» деп, Ақ жол тілеп шығарып салды.**

Енді ес жиып жатқан өзбек жазушыларына салмағымды салмай-ақ қояйын деп, бұрын Өзбекстанда вице-премьер дәрежесіне дейін көтерілген «Ақ Орда» компаниясы президенті, кәсіпкер Ибадулла Қалыбековке хабарластым. «Ертең бара жатсаңыз, сәл ертерек айтпаған екенсіз де. Мейлі, түнімен жігіттерді іздеп шығайын. Өздері хабарласады» деді. Айтулы азамат айтқан сөзінде тұрып, «Жібек жолы» кеден бекетінен өте салысымен, қазақтың бір сары жігіті «Қазыбек Исасыз ба, маған Ибадулла жездем тапсырып еді, атым Қадырәлі» деп қарсы алды.

Кеденнен өту ешқандай кедергісіз, бұрынғыдай қым-қуыт кезек те көп емес. Өзбекстанның тізгінін Шафқат Мирзияев алғалы туысқан екі елдің арасындағы байланыс күрт жақсарғанын осыдан-ақ білуге болады. Теңгеміз өзбек сумына шаққанда 22 есе құнды болып тұр. Қазақстан жағында қаптаған қазақтың қыз-келіншектері, Өзбекстан жағында өңкей өзбек жігіттері тарпа бас салып, ауыстырып береді. Қайда барсаң да жеткізетін таксилер де дайын екі жақта да...

Бірден Ташкентке тарттық. Өзбекстан астанасы біздің Сарыағаш ауданынан 10 шақырымдай жерде ғана тұр... Бұрын Өзбекстанды талай жыл басқарған Шараф Рашидовтың резиденциясы болған «Residence Park» қонақүйіне жайғастым. Кешке «Sharshara» (Сарқырама) мейрамханасынан ауыз аштық. Сарқырама десе, дегендей-ақ екен, ақ көбігін аспанға атқан өзен жоғарыдан құлай ағып жатыр. Жағасында тамақтанып отыру тамаша әсер етеді. Махатма Ганди (жергілікті ел «Телман паркі» дейді), Ашхабад саябақтары елдің көп баратын әдемі орындары екен...

Біз студент кезімізде, 80-ші жылдары Өзбекстан қалаларын туристік сапармен аралағанда көрген қайнап жатқан Алай базары жаңарып кетіпті. Бірақ бағасы өте қымбат екен. Көкөніс пен жемістің бағасы солтүстіктегі Астанамыздан асып түспесе, кем емес екені түсініксіз көрінеді.... Сондықтан адам аз. Көбісі біз секілді шетелдіктер, айтқан бағасына ала беретін... Ал Шарсу базары одан екі есе арзан екен, сондықтан, адам өте көп, сауда қайнап жатыр. Бұл мәліметтің бәрін мені қаланы аралатып жүрген жолбасшым Қадырәлі баяндап берді. Айтпақшы, Ташкентте такси өте арзан екен. Орта Азиядағы ең үлкен қаланың басы мен аяғын шарласаң да, біздің мың теңгедей ғана болатын шығар... Өзбекстанда бәрі тек өздерінде құрастырылып шыққан Шевролет мәшинелерін ғана мінеді екен. Отандық өндірісшілерді қорғаудың жарқын үлгісі! Біздегідей бағасынан бас айналатын шетелдік қымбат көліктер көзіңе түспейді.

Ташкент сапарында Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет ағамыз біраз жазушылардың телефонын берген болатын. Сол бойынша алдымен Өзбекстан Жазушылар одағына хабарласып едім, хатшы қыздан білгенім, төраға Сиражеддин Сайид Сұрхандария облысында іссапарда жүр екен. Мен телефонына түсе алмаған Қазақ әдебиетімен байланыс секциясы басшысы, жазушы Мехманқұл Исламқұловтың өзі де Қазақстанға сапарлап кетіпті... Белгілі жазушы Сәбит Досановтың айтуы бойынша, екеуі де Қостанай облыстық мәслихат хатшысы Сайлаубек Есжанов бауырларының мерейтойында жүрген көрінеді.

Өзбекстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары, дарынды ақын Надиржан Жанұзақпен Астанада былтыр өткен Жазушылардың Еуразия форумында танысқан едік. Оның жыр жамполздары жиналған поэзия секциясында Түркі халықтары әдебиетінің қазіргі басты мәселелері туралы сөйлеген сөзі ұнаған. Мен де сонда сөйлеген сөзімде Түркі халықтары әдебиетінің байланысы тығыз болуы керектігі туралы, «Түрксойдан» бөлек өз алдына әдебиетшілердің ұйымын құру керек деген бастама көтерген едім. Жарты әлемнің жазушылары жиналған дүбірлі әдеби форумдағы негізгі мәселелердің бірі — аударма мәселесі болатын. Сонын сәті енді түсті деуге болады.

Аумағы ат шаптырымдай жерді алып жатқан «Әдебиетшілер бағында» орналасқан Өзбекстан Жазушылар Одағының ғимараты да керемет екен. Өзбекстан Жазушылар



Одағы төрағасының орынбасары Надиржан Жанұзақ қуана қарсы алды. Талай елдің жазушыларымен таныстырып, байланыс орнатқан Астанада өткен Еуразиялық әдеби форумды сөз еттік. Бұл кездесуімізді де сол форумның нәтижесі деп санадық.

Надиржан Өзбекстан жазушыларына мынадай абат бақ пен айшықты алып ғимаратты Өзбекстанның қазіргі Президенті Шафқат Мирзияев тарту еткенін мақтанышпен жеткізді. Өзбек жазушыларына арналып Жызақ облысындағы саялы тау баурайында шығармашылық шипажай тұрғызылыпты. Ең соңғы сәулет-құрылыс жетістіктерімен, бесжұлдызды статуспен салынған керемет жай екен. Одан өзге Тұрпанда да шығармашылық үй бар көрінеді. Күндік құны жазушыларға өте арзан, біздің теңгеге шаққанда мың теңгенің айналасы екен.

Надиржан бауырымның маған шығыстық қонақжайлықпен: «Қиналып қалған жоқсыз ба? Қайда жайғастыңыз? Бізден не жәрдем керек?» — деп, қайта-қайта ілтипат көрсеткеніне ішпей-жемей риза болып қалдым. Ішпей-жемей дегендей, дәмге шақырған Надиржан менің ораза ұстап жүргенімді білген соң, «Жолға шыққан жолаушы мүсәпірлікпен аузын ашуға бола береді» деп күлді. Менің «Енді төрт-бес сағат қалды ғой ауыз ашуға, шыдайын» — деп, райымнан қайта қоймағанымды білген соң, уатсапта қазақ тілінде тарап кеткен «Ауыз ашарға 5 минут қалды!» — деп қуанып, шапқылап жүрген пингвиннің ролигін көрсетіп, қалжыңдап, екеуміз де рахаттанып күліп алдық.



Надиржан «Ешлик» (Жастық») журналының Бас редакторы, талантты ақын, жақсы аудармашы Фахриддин Хайипты шақырып алды. Мені жақсылап таныстырып, «Қазыбек Иса — қазақтың мықты шайыры. Өлеңдерін өзіңнен бастап, жас ақындарға бөліп беріп аударыңдар. Алдағы уақытта кітап шығаруды да жоспарлаңдар», — деп, тапсырма берді. Сонымен қатар, маған өзбек тілінде шыққан Абайдың бір томдығын және өзбек-қазақ әдеби тұлғаларының шығармашылық байланысы туралы кітапты сыйлады. Көлігін босатып беріп, Фахриддинге: «Әдебиетшілер бағы мен Абай көшесін аралатып, ақынның ескерткішіне алып бар», — деді.

Фахриддин Хайиптың кабинетінде оның шақыруымен Өзбекстанның көрнекті ақыны, аудармашы, қоғам қайраткері Әзім Сүйінмен кездестік. Ол кісі мені бұрыннан күтіп жүрген бауырындай құшағына тартып қарсы алды. Аузын ашса, ақ көңілі көрінетін ашық-жарқын жан екен. Өзбек-қазақ жазушыларының байланысы көп жыл үзіліп қалғанына қынжылып, бұрынғыдан тартып, біраз әңгіме қозғады. Өзі талай жыл Өзбекстанның ресми бас газеті «Советтік Өзбекстан» газетін басқарыпты. Жоғары Кеңестің депутаты болған. «Өзбекстанның қай жеріненсіз?», деп едім, «Нұр атаданмын» деді. «Ой, біздің жерден екенсіз ғой! Әйтеке биміз сонда жатыр ғой» деп қалғаным... Әзім ақамыз да бөгелмеді: «Иә, солай. Мен тек тау жағындамын» деп, бір күліп алды. Қазақ ақыны Есенғали Раушановты сұрады. Өлеңдерін аударып жатыр екен. «Ол біздің Өзбекстаннан, Жызақ облысындағы бір ауданда істеген» -деп, қалды ол кісі де... Иә, Иржардан, кейін Гагарин аталған жерде істеген» дедім. Мен де өзімнің Мырзашөлде, қазіргі Жетісай ауданында туғанымды, Шардараның Қызылқұмында өскенімді қосып қойдым. Әзім ағамыз: «Иә, бәрі негізі бір жер, бір топырақ қой. Түбі бір түркі ағайындармыз ғой, кейін шекара шығып, бөлініп кеткенбіз» деп, құлашын кеңге сілтеді.

Өзбек жазушылары Надиржан мен Әзім аға Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет ағамыз туралы біраз әңгіме шертіп, дұғай сәлем айтты. Әзім Сүйін Ұлағанмен шетел сапарларында көп болғанын тілге тиек етті. Фахритдин Қазақстанда ақын Мұратхан Шоқанның жетекшілігімен шыққан өзбек ақындарының «Жүз өлең» кітабын көрсетті. Өздері де қазақтың 20 жас ақынының жүз өлеңін кітап етіп шығарып жатыр екен.

«Ешлик» журналы латын әліпбиінде басылады екен. Өзбек жазушыларының ешқайсысы өз жерінде Ресей тілінде сөйлемейді. Өткенде Өзбекстанға келіп кеткен Дулат Исабектің айтқанындай, Тәуелсіздік заманындағы өзбек жастары мүлде орыс тілін білмейді. Қандай керемет көрсеткіш! Тәуелсіздік алған Мемлекет пен Ұлттың Намысының көрсеткіші! Ал біздің Тәуелсіз Қазақ елінде өскендердің де... Қазақша білмейтіні көп әлі... Өзбекстандықтар ағылшын тіліне бас бұрған екен. Өзбекше нан сұрап жей алатынымыз бар, сонда да кейбір сөздерді түсінбей қалып, орысша сұрасаң, аттап баспайтынына риза боласың, сұраған сөзіңді мәңгі түсінбей кетсең де...

Сыртқа шығып, бақ ішіндегі өзбек қаламгерлерінің ескерткіштерін тамашаладық. Бәрі тұла бойымен тұтас қойылған еңселі ескерткіштер, өте тамаша жасалған. Ал өзбектің бас шайыры, ұлы ақын Науайының ескерткіші аспанмен таласып асқақтап тұр. Тұтас бір келісті кешен. Өзбектің атақты қаламгерлері Айбек, Ғафур Ғұлам, Зұлфия, Хамит Әлімжан, Еркін Вахидов, Абдулла Арипов, Мұхаммад Юсуф тағы басқалардың ескерткіштері бар екен. Тағы да бір топ қаламгерлердің ескерткіштерін тұрғызу жоспарланып жатқан көрінеді.

Фахриддин Ғафур Ғұламды таныстырғанда «Қазақтың әйгілі жазушысы Сәбит Мұқановпен жақсы дос болған» деді. «Иә, жақсы білемін. Мен Ғафур Ғұламның сөздерін мақалаларымда көп пайдаланғанмын» деп едім, ол «Қалайша?»-деп, қызығушылық білдіре кетті. Айтып беруге тура келді...

Бұл бізде әр жылдары жиі көтерілген, биыл ақыры Астананың атын ауыстырып тынған бастамалар туралы 2008 жылы да, 2016 жылы да жазған мақалаларымда Ғафур

Ғұламға байланысты бір мысалды келтірген едім... Онда былай деп жазыппын:

«Айтпақшы, бұл ұсынысқа тек «жақсы» жағынан қарау қалай болар екен? Өйткені, бізде тірі адамның аты еш нәрсеге берілмейтіні заңмен бекітілгенін жоғарыда айттық. Ал, Президент – Ата Заң кепілі. Сонда Елбасымыз өзі қол қойған заңға өзі қарсы шығуы керек пе, әлде... Айтқан жерден аулақ...

Осындайда еске түседі. Белгілі бір жазушымыздың естелігін оқып едім. Өзбекстанның ең қадірлі қаламгері, біздің Сәбит Мұқановтың жан досы Ғафур Ғұлам қартайып, төрінен көрі жақын болып отырған кезде Ташкент қаласының басшылары қаумаласып, жиі келіп, хал сұрап тұрады екен. Ғафур Ғұлам тұратын көшенің аты қазақшаға аударғанда «Ақ бидай» деген ұғымды білдіретін көрінеді. «Бар көшені ауыстырғанда, бұны неге ауыстырмайсыңдар?», – деген Ғафекеңе қала басшылары күмілжіп, тура жауап бермейді екен. Сонда сұңғыла суреткер: «Бұлардың ойы жаман. Бұлар менің ана дүниеге аттануымды күтіп, бұл көшені маған сақтап жүр», – дейді екен... Өзбектің әйгілі қаламгері әзіл-шынын араластырып айтқанмен, кейін көп



ұзамай тура солай болып шықты... Мейлі ғой, бірақ біздің Елбасы Ғафур Ғұлам сияқты қажып, шөгіп отырған жоқ қой. Құдайға шүкір, қайраты мол, қажыры көп», – деген екенмін...

Фахриддин екі елдегі екі оқиғаны салыстырып жазғаныма қатты риза болып, бір күліп алды. Ғафур Ғұламның балалық шағы туралы өзбектің «Сұм бала» деген киносын көріп өскенімізді айтып едім, Фахриддиннің: «Ескерткішіне қараңызшы, өзі де сұм балаға ұқсайды» деп, тауып айтқан сөзіне мен де риза болып қалдым.

Ташкент қаласында қазақтың ұлы ақыны Абайдың атына әдемі көше берілген. Бойында еңселі ғимараттар, жоғары оқу орындары, түрлі мекемелер бар. Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігі де осы көшеде орналасыпты. Елшілік ерекше әдемі сәулетті, үлкен ғимарат екен. Қарсы алдынан ұлы Абайымыздың асқақ тұлғасы қарсы алады. Суретке түстік.

Фахриддин мен Надиржанның жүргізушісі мені жатқан қонақ үйіме жеткізіп салды. Қазақстанда телефон жоғалтқаным аздай-ақ, Американың Нью-Йорк қаласында да телефон жоғалтқанымдай, мұнда да телефоным жеткізіп салған көлікте қалып қойыпты. Фахриддин шәй қайнатым уақыттан кейін қайта оралып, әкеп берді. Біз болсақ, жарты жолдан қайта оралғанымызға «Адам деген телефонына ие болмай ма екен?!.» деп, әжептәуір шекеміз тырысып кетуші еді, Фахриддин бауырым болса: «Көрдіңіз бе, Алла бізді тағы да ұшырастырды» деп мәзмәйрам...

Сөйтіп, Өзбекстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары Надиржан Жанұзақтың арқасында жырларымыз ұлы Науайының тілінде сөйлейтін болып жатыр, Алла қаласа. Мен мұндай сәтті сапарды қасиетті Рамазан айының шарапаты деп қабылдадым.

Жалпы, Ташкенттегі өзбек жазушыларымен кездесуіміз табысты болды деуге болады.

**Қазыбек ИСА,**
**«Қазақ үні»**

НҰР-СҰЛТАН – ШЫМКЕНТ – ТҮРКІСТАН – ТАШКЕНТ – НҰР-СҰЛТАН

■ ZAŃ

# БІЗ ӘДІЛЕТТІ САЙЛАУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!

**Еліміз-қазір өз дамуының кезекті бір белесінде тұр. Бұл белес еліміздің саяси өміріндегі ең маңызды науқан – Қазақстан Республикасының Президентін сайлау. Осыған орай, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңның сақталып, заңнан ауытқушылыққа жол бермеуі – ең басты міндет. Бұған байланысты елімізде «Заңгерлер әділетті сайлау үшін» республикалық қоғамдық бірлестігі жұмыс істеп жатқаны баршаға мәлім. Жалпы, бұл бірлестікті құру – бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Бірлестіктің мақсаты біреу – ол алдағы саяси науқанның әділетті өтуіне ықпал жасау, көмектесу. Ал енді аталмыш «Заңгерлер әділетті сайлау үшін» республикалық қоғамдық бірлестіктің ұстанып отырған бағытын Алматы қаласының заң консультанттар палатасы да қолдайды.**



Негізінен, қазір «Заңгерлер әділ сайлау үшін» республикалық қоғамдық бірлестігіне Қазақстан бойынша 3 мыңға жуық адам кіріп отыр. Оның басым бөлігі жастар. Жас заңгерлердің осы процеске қатысуға ниет танытуының өзі қуантарлық жайт.

Ал енді ұстанып отырған жалпы бағытымыз туралы айтар болсақ, біз сайлау процесі бойынша және заңсыз іс-қимылдарға шағым түсіруге қатысты түсінік береміз. Сайлау науқанына қатысты кез келген адамға қойылған сауал бойынша кеңес бере аламыз. Бізге кандидаттардың өздері де келіп, кеңес алуына болады.

Абзалында, халық, егер мағлұматы аз болса, кейбіреулер заңдарды дұрыс түсінбейтін болмаса, онда сайлау да дұрыс өтпеуі мүмкін. Біреулер алдап, біреулер біреуге барып «сен дауыс бер» немесе «хаттама жина дауыс жинау үшін» дегенді қолдануы да мүмкін. Міне, біз заңгерлер осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін халықпен етене жұмыс істеуді мақсат тұтып отырмыз.

Осы орайда айта кетер болсақ, «Заңгерлер әділ сайлау үшін» республикалық қоғамдық бірлестігінің тек соңғы күндердің өзінде ғана сайлауға қатысты 300-ден аса сұрақ келіп түскен. Сайлаушылар әсіресе, байқаушылардың жұмысы, дебаттардың өту тәртібі сияқты жайттар мен «заңсыздықтарға жол беріле қалған жағдайда қайда хабарласу қажет?» деген сауалдарға жауап іздейді. Әрине, бұл – қалыпты құбылыс. Елдің әрбір азаматы өзінің құқығын жақсы білген жағдайда сайлау конституциялық талаптарға сай жоғары деңгейде өтеді. Алматы қаласының заң консультанттар палатасы да мұндайда жұртшылыққа құқықтық кеңес беруге дайынбыз. Негізгі мақсатымыз – Конституцияның нормаларын халыққа, яғни, сайлаушыларға түсіндіру. Іс жүзінде – консультация. Біз ешкімнің шашбауын көтермейміз. Саясатқа араласпаймыз. Біз – бейтараппыз. Бірақ негізгі мақсатымыз – сайлаушылардың құқығын қорғау.

Жалпы, сайлау науқаны кезінде заң бұзушылыққа себеп болуы мүмкін деген «нәзік қылдарды» тауып, айқындап және оларды болдырмау үшін жедел іс-әрекет жасалуы тиіс. Кейде осындай сындарлы сәтте құқықтық тәрбие беріп, заңды түсіндіру жұмыстарын жүргізудің орнына, олар заңдардың маңызы мен оны қолдану тәжірибесінің мәнін қасақана бұрмалап түсіндіретін топтар да болады. Қынжыларлығы, құқықтық кеңістіктегі «зиян тигізбе» қағидаты бойынша заң нормаларын қолданудың әртүрлі қиыншылықтарынан шығу жолын қарастырудың орнына олар халықтың, соның ішінде жастардың құқық қорғау органдарына қарсы тұруларын ашық түрде қолдай отырып, азаматтардың заңға қарсы іс-қылықтарын жігерлендіріп отырады.

Абзалында, «Конституция мен Сайлау туралы» Заң Қазақстан азаматтарына тең дауыс беру құқығын қамтамасыз етеді. Бұған мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, бақылаушылар және т.б. бақылау жасайды.

Сонымен бірге, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің нормалары бар.

Мысалы, заңгерлерге жиі қойылатын сауалдардың бірі Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мемлекеттік тапсырысы (демеуқаржы) бар болса, онда бұл жағдай насихаттау кезінде бір ғана кандидатты қамтуға артықшылық бере ме» деген сауал.

Бұған байланысты 112-бапты тарқатар болсақ:

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау алдындағы іс-шараларының мақсаттарын, міндеттері мен нәтижелерін бұрмалаудан көрінетін, кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын, сондай-ақ олармен байланысты оқиғалар мен фактілерді объективті көрсетпеуі – жеке тұлғаларға – жиырма, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық кандидаттарды және партиялық тізімдерді ұсыну, оларды сайлау комиссияларының тіркеуі жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты баспасөз бетінен орын, эфир уақыты бойынша бірдей көлемде тарату туралы талаптарды бұзуы – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Бұқаралық ақпарат құралының кандидаттардың біріне, партиялық тізімді ұсынған саяси партияға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беруден бас тартуы, егер басқа кандидатқа, партиялық тізімді ұсынған саяси партияға осы бұқаралық ақпарат құралы эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беруге келісім берілсе, лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Кандидаттардың және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарында жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен немесе өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда, жеребе бойынша белгіленген сөз сөйлеу кезектілігінің бұзылуы – лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Кандидаттарға және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға бұқаралық ақпарат құралдарында эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарт талаптармен қандай да бір кандидатқа, партиялық тізімді ұсынған саяси партияға артықшылық туғызу – лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Міне, нақты осы заңдарды білмегендіктен те кейде БАҚ өкілдері біздің алдымызға кеңес сұрап келіп жатады.

«Бұдан соң елдегі ЖОО студенттері немесе мемлекеттік қызметшілер оларды сайлауға, қол жинау жұмысына және т.б. қатысуға мәжбүр ететіндігіне қоғам назарын аударуға тырысады (мысалы, студенттер мен мемлекеттік қызметкерлерді оқу орны немесе мекеме басшылығы бақылайды). Бұл заңды ма, мұндай жағдайларда мемлекеттік қызметшілер не істеу керек» деген сауалдар да жиі қойылады.

Бұған қатысты, жалпы, айтар болсақ, Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын бұзатын кез-келген мәжбүрлеу, қысым, зорлық-зомбылық және басқа да әрекеттер әкімшілік және қылмыстық әрекеттерге жатады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарымен тыйым салынған. Азаматтар істерді қарау нәтижелері туралы, сондай-ақ жұмыс берушіге оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы жеке қаулылар шығаратын ҚР әкімшілік соттарына жүгіне алады. Азаматтар ҚР заңдарын нақты және біркелкі қолданылуын бақылайтын прокуратура органдарымен байланыса алады. ОСК және басқа да заңды мекемелерге жүгіне алады. Сондықтан, бұл арада халықты сайлауға мәжбүрлеп апару деген мәселе көтерілмеуі керек. Біз зайырлы мемлекет болғандықтан, әзірге елімізде мұндайға жол берілген де жоқ. Егер қандай да бір азамат сайлау барысында заңсыз әрекеттерге тап болса, аудандық, аумақтық немесе орталық сайлау комиссияларына және заңгерлерге жүгінуге болады.

Біз, заңгерлер осы бір тарихи жауапты сәтте сайлау науқанының барлық қатысушыларын қолданыстағы заң актілерін сөзсіз сақтауға, ал қандай да бір дау-жанжал туындап жатса, оларды заң жолымен шешуге болатындығын ашып айтқымыз келеді. Кәсіби заңгерлер палатасы ретінде өз әріптестеріміздi заңгерлердің жоғары парызына лайықты болуға, құқықтық жүйені барынша нығайтуға үлес қосуға шақыратынымызды айтқым келеді. Дәрігерлерде бұлжымас бір қағида бар, ол – адам денсаулығына ешқашан зиян келтірмеу. Біз, заңгерлер қоғамға зиян келтірмеу қағидасын ұстанамыз. Қоғамның болашағын ойлауда, қоғам заңын одан әрі жетілдіруде жауапкершілік қажет. Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Президентін сайлау қолданыстағы Конституцияға және сайлау заңнамаларына сәйкес өткізілген жағдайда еліміздің ұзақ мерзімді, жүйелі және жан-жақты демократиялық дамуының басты көрінісі болатындығына толық сенеміз.

**Бауыржан МАҚҰЛБАЕВ,**
**Алматы қаласының заң консультанттар палатасының төрағасы**

## Қойшығара САЛҒАРАУЛЫ:

# МАҒАН ТАРИХШЫ ОҚЫРМАН



ӨМІРДЕРЕК

*Қойшығара Салғараұлы 1939 жылы Қостанай облысы Жангелдин ауданында туған. Жазушы, әдебиеттанушы-ғалым. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. «Ауыл өмірі» газетінде, Қазақ радиосында, Қостанай облыстық телерадиокомпаниясында, «Социалистік Қазақстан» газетінде, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет істеді. ҚР Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі; Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес хатшысының орынбасары, хатшысы, Қазақстанның Қытайдағы елшілігінің мәдениет жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлтттық университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу орталығында еңбек етті.*

**– Сіз Елбасының тапсырмасымен екі жылға жуық Қытайда болып, Қазақ тарихына қатысты мол мәлімет әкелдіңіз. Шығыстанушысы бар, тарихшысы бар, Қазақтың бүкіл ғалымы арман еткен осы бір мәртебелі миссияны орындау сіздің еншіңізге тиді. Бірақ сіз қытай тілін меңгермеген қаламгерсіз. Оның үстіне Шың еліне тілді тез игеретін жастан асып кеткен кезде бардыңыз. Осының бәрі құжаттарды іздеп табуыңызға, сұрыптап-саралауыңызға кедергі келтірген жоқ па?**

– Бұл сапар тікелей Елбасымыздың идеясымен жүзеге асқандықтан менің алаңсыз жұмыс істеуіме барлық жағдай жасалды. Барсам, тұрғын үй, көлік, жеке аудармашы дайындалып қойыпты. Үш аудармашының ішінен біреуін таңдап алдық. Аты-жөні – Мұқият Қадыров. Бұл бір керемет білікті маман екен. Біздің Олжас секілді танымы терең, мүмкіндіктері мол жігіт. Шынымды айтайын, деректерді іздеу барысында мен ешқандай қиындық көрген жоқпын. Біріншіден, бұл сапарға үлкен дайындықпен бардым. Алдын ала орыс синологтарының бүкіл еңбектерімен танысып, көп нәрсені пайымдап, белгілі бір ұстанымға табан тіреп келдім. Олардың әрқайсысын салыстырып, өзіндік ой түйдім. Бұл сапарда мен үш бағытта жұмыс жүргіздім. Біріншіден, бұрынғы аударылған материалдарды қайта қарадым, қазақша сөйлеттім. Екіншіден, қытай ғалымдарының көшпелілер жөніндегі айтқан пікірлері мен жазған мақалаларын жинастырдым. Үшіншіден, бұрын ғылыми айналымға түспеген, бізге беймәлім деректерді іздеп табуды мақсат еттім. Қытай Халық Республикасындағы сол кездегі елшіміз Қуаныш Сұлтановтың көп көмегі тиді. Ол кісі істің мәнісін өте жақсы біледі. «Қойшеке, мұнда тарихшымын деп келмеңіз. Қытай – жоқтан өзгені құпия қылатын халық. Өзіңіздің жазушы қалпыңызбен жүре беріңіз. Мен архивтердің тұтқасын ұстап отырған қытай азаматтарын шақырып, қонақасы беріп, сізді таныстырайын. Әрі қарай жұмысты өзіңіз жүргізе берерсіз», – деді. Мен жиналғандарға қазақ пен қытай халықтарының ежелгі көршілік және достық қарым-қатынастарының терең тамырларына зерттеу жүргізіп, тарихи романдар циклін жазғым келетінін айттым. Осы шаруаға көмек көрсетулерін сұрадым. Бұған ешқайсысы да қарсы болған жоқ. Қуаныш екеуміз архивті араладық. Қай жерде қандай дерек көздері жатқанын көрдік. Содан соң мен түпнұсқалық материалдардың көшірмесін еркін алып тұрдым. Аудармашым қытай тілінде жорғадай жосылтады. Біздің Олжас орыс тілін орыстан кем білмейді ғой. Бұл жігіт те қытай тіліне қытайдан кем соқпайды. Соның арқасында мен еш қиналғаным жоқ. Оншақты кітаптың материалын алып келдім. Екеуі «Таным тармақтары» деп аталады. Соның сегізі жарық көрді. Бұл қытай ғалымдарының көшпелілер жөніндегі ғылыми-зерттеу мақалалары және бұрын айналымға түспеген «Жүз отыз алты құжат» деген жаңа деректер жинағы.

**– Сіздің сол алып келген материалдарыңыз қазақ қоғамындағы тарихи танымды қаншалықты өзгертті деп ойлайсыз? Тарихшылар жаппай бас қоятындай қызығушылын оятты ма?**

– Мен Бичуриннің аудармасында жоқ материалдарды әкелдім. Мен оны ғұлама Бичурин көрмеді, білмеді деп ойламаймын. Кешегі жүйеде тарихымызға қатысты біздің бұрын да іргелі ел болғанымызды көрсететін маңызды деректерді жариялаудың тиімсіздігіне байланысты әдейі ойып алынып тасталған шығар деп топшылаймын. Жалпы, Бичурин мұны бір аса ыждаһаттылықпен аударған. Бүкіл қытай жылнамасындағы көшпелілерге қатысты деректердің ешқайсысын қағыс қалдырмауға тырысқан. Себебі, оның өзі көшпелілердің ұрпағы болып келеді. Өзім тіл білмегендіктен, қытай тіліндегі құжаттың да ксерокөшірмесін қоса алып отырдым. Оны кітапқа жарияладық. Қытай тілін білетін азаматтар енді архивке бармай-ақ, кітаптағы көшірмені қарап, аудармамен салыстырып оқуына болады. Бұл әсіресе, кісі есімдерін, жер-су атауларының дұрыстығын анықтауға көп септігін тигізеді. Мен әкелген деректер ұлттық танымымызды кеңейтетініне, дәстүрлі түсініктерді өзгертетініне, тарихшы мамандардың қызығушылығын оятатынына ешкімнің де дауы болмауға тиіс.

**– Егер тіл білсем, мұнан да көп мәлімет әкелер едім ғой деп өкінген жоқсыз ба?**

– Әрине, қытай тілі – күрделі тіл, сондықтан оның бояуы көп, қатпары қалың. Мен оны игеруім де мүмкін емес. Қалай дегенде де сауатты аудармашының оқығаны бір басқа да, менің түсінігім бір басқа ғой. Аудармашы деректің мазмұнын ғана баяндайды. Ал мен талдап-таразылаймын, салмақтап-саралаймын. Тіл білмегендіктен сөздің бояуын, астарын, мағыналық реңкін тап баса алмаған жерлерім болуы ғажап емес. Мен бұл жолы тек деректерді тауып қана қойғаным жоқ, сол деректерді зерттеген ғалымдармен кездесіп, пікір алыстым. Аудармашы арқылы, әрине. Сондықтан неге өкінем, барға қанағат ету керек. Жалпы, осы сапарымнан кейін бұрынғы кітаптарымдағы кейбір концептуальды ойларым өзгерді.

**– Атап айтқанда, концептуальды ойларыңыз қай тұрғыдан өзгерді?**

– Мысалы, бүкіл әлем тарихшылары біздің эрамыздан бұрынғы жиырма бірінші ғасырдан бастап біздің дәуіріміздің бесінші ғасырына дейін ежелгі қытайдың терiскейі мен терiскей батысын мекендеп келген байырғы көшпелілердің бәрін бір халық, яғни сиуңнудің арғы аталары деп біледі. Шындығында олардың бәрі түркі тілдес халықтар болғанымен, өз алдына бөлек-бөлек халықтар екен. Сиуңну халқы, жалпы, Қытайға біздің эрамызға дейінгі төртінші ғасырдың аяғы мен үшінші ғасырдың басында барған. Бұл бірде-бір ғалымның еңбегінде айтылмаған. Мен түпнұсқа дереккөздерін салыстыра қарау барысында және қытайдың маман ғалымдарымен пікір алмасу арқылы осыған көз жеткіздім. Бұл деректі Рашид Ад-диннің еңбегі де растайды. Бұрын оны мен аңғарған жоқ едім. Біріншіден, барлық зерттеушілер ғұн халқын Қытайдың ежелгі көршісі деп қана біледі. Ал жаңа деректер ғұнның батыстан шығысқа ауып барған халық екенін айғақтайды. Екіншіден, дүние жүзінің тарихшылары сиуңнуларды түріктер дейді, дұңхуларды моңғол дейді. Бұл да қате. Сиуңну дегеніміз – моңғолдар, дұңху дегеніміз – татарлар. Біздің тарихшылар көбіне татар дегенді ұмытып кетеді. Кешегі түрік қағанаты құлағаннан кейін шығыстағы бүкіл биліктің бәрі сол татарлардың қолында болды. Міне, қалыптасқан қағидалар шеңберінен шығып, түпнұсқа дереккөздері беретін мағлұматтарды көшпелі өмір салты тудырған заңдылықтарға сай пайымдап жасалған осындай жаңа тұжырымдар, шүкір, баршылық.

**– Қытайға барып, архив қарап, дерек алып келуге сіздің таңдалғаныңыз неліктен? Бесіктен белі шықпай жатып, тарих ғылымына дендеп кірген, оның үстіне тіл білетін ғалымдар баршылық емес пе?**

– Мен Қытайға баруды мүлде ойлаған адам емеспін. 1997 жыл еді. Астананы Ақмолаға көшіруге әзірлік қызу жүріп жатқан кез. Бір күні Елбасы шақырып жатыр деген хабар жетті. Бардым. Мен ол кезде Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің хатшысы едім. «Қазір немен айналысып жатырсыз?», – деп сұрады Елбасы. Шығармашылық жоспарларым жөнінде айттым. «Оның бәрі дұрыс қой, – деді ол кісі. – Бір маңызды шаруаны іске асыру керек болып тұр. Қытайдың архивтеріндегі қазақ халқына қатысты деректерді алып келуге сізді жібергелі отырмын. Әрине, тарихшы академиктер де, профессорлар да бар. Бірақ тәуелсіздік алғаннан бері көне тарихты жүйелі түрде қарастырып жүрген зерттеуші ретінде сізге тоқтап отырмын». Сөйтіп, Қытайға жол тарттым.

Барған соң бір апта қытай тіліне машықтандым. Әліппесімен таныстым. Бір иреоглифтің бірнеше мағынасы бар екен. Оның ақамын дұрыс келтірмесең, ешкім ештеңе ұқпайды. Уақыттан ұтамын деп жанталасып, күнделікті қарым-қатынасқа қажетті екі-үш жүздей сөзді жаттап та алдым. Сол үйренген сөздік қорыммен жергілікті қытайлардың біріне тіл қатып көріп едім, бетіме бажырайып бір қарады да жөніне кетті. Түк түсінбеді-ау деймін. Қытайдың бір мақалын жаттап алғанмын. «Тянь хуаң ди лау» деген. Тура мағынасы – «Аспан қуаң болса, жер қартаяды». Яғни, тозады. «Тянь» деген – аспан, ал хуаң – қуаң. Дыбысталуы да, мағынасы да біздің «қуаң» сөзімен бірдей. Ди – жер, лау – кәрі. Соны айтып, қытайша мақал да білемін дегенді аңғартып едім, жаңағы қытайымның миына кіріп-шықпады. Содан соң мен бұл тірлігімнің бос әурешілік екенін аңғардым да бірыңғай аудармашының көмегіне сүйендім. Елшінің мәдениет жөніндегі кеңесшісі болып, мәдениет мәселелері жөніндегі қабылдауларға қатысып жүрдім. Қытайлар неге болсын, сақтықпен қарайды. Жалпы, құпиясы мол ел ғой. Қытайдың мұрағаттары – өз алдына бір ғажайып әлем. Тура ертегідегідей, бір сандықтың ішінде бір сандық, ақ сандықтың ішінде көк сандық. Түймені басып қалсаң, алдыңнан дәліз айқара ашылады. Дәліздің екі жағында картотека тізіліп тұр. Ашып қалсаңыз, түпнұсқа бір бөлек, аудармасы бір бөлек, көшірмесі бір бөлек, бәрі бір конвертке жинақталған. Байырғы байлауы шешілмеген қағаздардың өзі жеткілікті. Тіпті, қазақ хандығына арналған бөлім де бар. Осындай мүмкіндікке қол жеткізуім қазақ тарихы жөніндегі жазған кітаптарымның ел ішінде кең таралғанының арқасы деп білемін.

**– Осы жолға келуіңізге не нәрсе әсер етті? Заман ба, адам ба, әлде қоғам ба?**

– Менің азамат ретінде қалыптасуыма өзім ұзақ жыл қызмет істеген «Егемен Қазақстан» газетінің ықпалы мол болды. Редакцияға елден хат көп келетін. Ол тұста келген хат тексерілетін. Арнайы сапарға шығатынбыз. Ауылға барып, арыз иесін іздейміз. Басшылар құрақ ұшып қарсы алады. «Ауылдарыңызда пәлен деген кісі бар ма?». – «Бар болғанда қандай? Атақты арызқой. Міне, құжаттарымен танысып көріңіз». Бірінші бетте дәрігердің берген анықтамасы тұрады. Газеттің құдіреті мықты. Шағым айтқан адам жынды ма, сотанақ па, мүсәпір ме, тіпті түрмеде ме, бәрібір оның өзімен жүздесіп, арызын тексеру керек. Сондықтан, онымен кездестіруді сұрайсың. Әңгімелесе қалсаң, өзіңнен ақылды болып шығады. Айтып отырғаны қара басының қамы емес, елдің мұңы. Ауыл ағасын, аудан басшысын шөп түсіріп бермеді, соғым жеткізбеді деп кінәлап отырған жоқ. Ұрпақтың, елдің, жердің мәселесін қозғайды. Сосын ауданның идеология жөніндегі хатшысына кірем. Ол мені қонаққа шақырады. «Ау, ағайын-ау, бұл қалай?», – деймін. «Негізі дұрыс адам, бірақ істеп жүргені дұрыс емес. Бүйтуге болмайды ғой», – дейді. Содан мен ойға берілем. Бұрын «Партияның моральдық кодексінде мін жоқ.

# МӘРТЕБЕСІНЕН ЫҚЫЛАСЫ АРТЫҚ...



Оны орындаған адам аяғын қия баспайды. Жүйе өте дұрыс. Бәрін бүлдіретін жекелеген адамдар» деп ойлайтынмын. Кейін ауданға, облысқа, Орталық Комитетке келгеннен кейін жекелеген кісілердің ештеңе шешпейтінін барлық түйткіл жүйеде екенін түсіндім. Не істеу керек? Қатты қиналдым. Жүйеге қарсы тұрсаң, сен де жындыханадан бір-ақ шығасың. Сол тұстағы идеологиялық өктемдікке жан-тәнімен қарсы ағаларым болды. Солардың қолында алаш арыстарының еңбектері бар екен. Мен сол еңбектермен таныса бастадым. Алаш зиялыларының кешегі XX ғасырдың басында патшалық монархия құлап, ел тәуелсіздік алуға мүмкіндік туған кезде бәрінің бірдей қайда қызмет істейтініне, мамандығына қарамастан жаппай халықтың ұлттық санасын көтерумен, тарихпен айналысқанына таң қалдым. Қараңғылықпен күрес, ағартушылық сана деген ұғымдарға мән бере бастадым. Шынында да, Абайдың күресі Махамбеттің күресінен бөлек қой. Онда жыраулардың екпіні де жоқ. Абай надандықпен, қараңғылықпен, білімсіздікпен күреседі. Тағдырының тізгіні біреудің қолында отырғанда оны жеңу үшін саған тек қана білім қажет. Көзің ашылуы керек, санаң оянғаны жөн, сонда ғана сен ұлттық мүддеге біріге бастайсың. Ол үшін ағарту жұмысымен айналысу керек. Міне, мен тарихқа осылай келдім. Әуелі өзім тегімді таниын, төл тарихымды білейін дедім. Сексенінші жылдардың басында Владимир Чивилихиннің «Память» деген роман-эссесі шықты. Журналда жарияланған нұсқасына Ресейдің мемлекеттік сыйлығы, кітап болып басылғаннан кейін одақтық мемлекеттік сыйлығы берілді. Тарихқа ден қойып жүрген соң оқып шықтым. Орыс халқының ұлы халық екенін дәріптеуге арналған дүние көрінеді. Бірақ дереккөздері жадағай. Бірді-екілі ғалымға ғана сүйенеді. Осыдан соң «Мен неге жазбаймын?» деген ой келді. Мен халқымның тарихын әлдеқайда тереңірек біліп тұрмын ғой. Оның үстіне тірек ететін дереккөздерім де көп. Содан тірнектеп материал жинауға кірістім. Кешке жұмыстан шыққан соң не ұлттық кітапханаға, не ғылыми кітапханаға барамын. Кітапхана жабылғанша табан аудармай отырамын. Осылай екі-үш жыл өтті. Көп мақала жазғаным жоқ. Найманның тарихы жөніндегі бір мақалам үшін Орталық Комитеттің пленумында сыналдым. Осыдан басқа кеңестік жүйеден көрген зәбірім жоқ. Қайта көресіні өзіміздің қазақтардан көрдім. Бірақ оларды солай істетіп отырған да бәрібір сол кеңестік идеологияның тегеуріні ғой.

**– Олар сізге қандай зәбір көрсетті?**

– «Алтын тамыр» деген кітабым өзімнің ішкі сүзгімнен де, редакторлардың сүзгісінен де өтіп, отыз мың данамен баспадан шығатын болды. Оқырманға енді жол тартқалы тұрған кітап біреулердің Орталық Комитетке жазған арызы бойынша Академияның ғылыми-зерттеу институтына жабық рецензияға жіберіліп, одан «Кеңес үкіметі орнағалы мұндай зиянды еңбек шығып көрген жоқ», – деген баға алды. Мені пантүркист деп кінәлаған. Қазақша кітапқа орысша пікір жазылыпты. Пікір жазған қазақтың белгілі тарихшы ғалымдарының бірі. Қазір ол да тәуелсіздіктің арын арлап, жырын жырлап жүр. Осыдан бастап мен біраз қиындық көрдім. Орталық Комитет арнайы комиссия құрып, ғылыми еңбекті талқыға салды. Абырой болғанда, комиссия кітапты шығаруға рұқсат берді.

**– Енді қазір біршама уақыт өтті. «Алтын тамырдан» кейін де бірнеше кітап жаздыңыз. Өзіңізге қарсы болған ғалымдардың атын атап, аймандай қылмауыңызға не себеп?**

– Ол рецензия менің қолымда. Сексенінші жылдардың ортасында белгілі адамдардың жағымсыз жақтарын жаппай жазып, мақала жариялау басталды ғой. Сол тұста маған «Білім және еңбектің» жігіттері келді. «Қойшеке, рецензияны бізге беріңіз, жариялайық», – деді. «Менің мақсатым – елді біріктіру, ал мынау жік салатын нәрсе», – дедім оларға. Біздің халық бұған дайын емес. Бұрын жаман аты шығып көрмеген белгілі ғалым. Қаншама шәкірттері бар. Ыңғайсыз болар. Жұрт алдында жақсы атымен жүре берсін. Ұятына жүктедім. Кейін біреу-міреу архивтен тауып алып жатса, оны көрерміз.

**– Кандидаттық диссертацияңыз әдебиеттен қорғалған. Ақыры ілгеріден тарихшы болуға бел буған екенсіз, неге тарихтан қорғамадыңыз?**

– Мен тарихшы боламын деп ойлағаным жоқ. Мұндай мақсатым да болған жоқ. Мен тарихтың насихатшысы болғым келді. Тарихтың қалтарыс-бұлтарыстарын түсіндіргім келді. Түпнұсқаны қарау арқылы тарихи деректердің дұрыс-бұрыстығын анықтауды жөн көрдім. Ұзақ уақыт бойы біздің түпнұсқамен жұмыс істеуімізге мүмкіндік болмады ғой. Кешегі күнге дейін «Аристов былай деген, Бартольд былай деген, Гумилев былай деген, Бичурин былай деген», – деп дәйексөз алумен шектеліп келдік. Олар не айтса да, соны құптап отырдық. Ал ол тарихшылардың қай мақсатпен зерттеу жүргізгені өздеріне мәлім. Ақиқаты қайсы, бұрмаланғаны қайсы, оған мән бергеніміз жоқ. Өзіміздің тарихымызға солардың көзқарасы арқылы баға бердік. Өз халқымыз жайындағы таным-түсінігімізді солардың таным-түсінігі арқылы дамыттық. Менің білуімше, үш шындық бар. Біріншісі, сол ұлттың өкілінің өзінің түйсігі арқылы айқындалатын шындық. Түпнұсқаны оқып отырғанда саған түйсігіңіз біраз нәрсені аңғартып отырады. Қалай болғанда да ата-бабаң осыған келер жолдан өтті ғой. Екіншісі, түпнұсқа деректің өзі мәлім етер тарихи шындық. Үшіншісі, оқиғаның өзінің дамуынан туатын шындық. Кейде бұл оқиғаның бұлай өрістеуі мүмкін емес деп топшылайтын кезің болады ғой. Мен мысалы, «Көмбе» деген кітабымда қыпшақтарды беске бөлдім. Көк қыпшақ, қара қыпшақ, құба қыпшақ, қызыл қыпшақ, сары қыпшақ. Қара қыпшақ пен құба қыпшақты тілге тиек еткен Ресей ғалымдары бар. Қалғандары жөнінде әңгіме болмады. Ал енді Қытайға барып, дерек қарағанымда бәрі алдымнан сайрап шыға келді. Бесеуі де бар. Болжамымның дұрыстығына, түйсігімнің алдамағанына көз жеткіздім. Тек «көк» деген сөз «ұлы» деген сөзбен алмасқан. Шығыс жақты ұлы дейміз ғой. Бәрібір мағынасы алыстамайды.

**– Қытайға барып келген соң жариялаған еңбектеріңізге қарағанда ол жаққа сапар шекпей тұрғанда жарық көрген «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» сияқты кітаптарыңыз көбірек оқылған секілді көрінеді. Кейінгілерге оқырман онша беттеңкіремей жатыр. Неге?**

– Дұрыс айтасың. Біріншіден, алдыңғылары тарихи тақырыпқа арналғанымен әдеби тұрғыда жазылған. Оқуға жеңіл, жұртқа түсінікті. Екіншіден, біреуі отыз мың, екіншісі елу мың данамен шықты. Тиражы да, оқырманы да көп болды. Кейінгі кітаптарым мың данамен, мықтағанда екі мың данамен жарық көріп жатыр. Бір ғажабы, не жақсы деп, не жаман деп, бір адам пікір айтқан емес. Менің жақын деген достарым да әлі қарап үлгермеген сияқты. Оқымағандықтары әңгімелесіп отырғанда сөздерінен біліну тұрады. Маған кейбіреулер ғылыми тілмен жазбайсың дегенді айтады. Оқылмайтын ғылыми дүниеден гөрі оқылатын, елге пайда тигізетін шығарма жазғанды қолай көремін. Елдің қарапайым әрі құнарлы әңгімелеу тәсілін қолданамын. Кез келген терминдердің қазақша баламасын іздеймін. Егер баламасын таба алмасам, түсініктеме беремін. Алғашқы кітаптарым оқырманға өте ұғымды тілмен, одан соңғылары жартылай ғылыми тілмен, кейінгі кітаптарым таза ғылыми тілмен жазылды. Оқырманды бірте-бірте дайындау мақсатын ұстандым.

**– Сіз қыруар еңбек тындырдыңыз. Еңбектеріңіздің бәрі де қазақ тарихы тақырыбына арналған. Бірақ осы кітаптарыңыз тарихшы ғалымдар тарапынан қалай қабылданды? Ғылыми еңбек ретінде екшеп, докторлық қорғауға талпынып көрген жоқсыз ба?**

– Тарихшылардың кейбірі бізді дилетант ретінде санайтын сияқты. Өздері білсін. Мен тарих үшін аз еңбек жасағаным жоқ. Жалпы, ел тәуелсіздік алғаннан кейін жұрт жаппай тарихты зерттеуге ден қойды. Тарихты зерттеуге кіріскендерді бірнеше топқа бөлуге болады. Біреулері баяғы ескі көзқараспен, көне түсінікпен қиялап тартып келеді. Екіншілері тарихтың көрпесін өзіне қарай тартады. Тарихи танымынан гөрі жершілдік сезімі атойлап тұрады. Үшіншілері шетел зерттеушілерінің ой-пікірлерін дұғадай көреді. Төртіншілері архив деректеріне сүйеніп, ой-тұжырым жасайды. Өз басым соңғы топты құрметтеймін. Бірақ сол еңбекпен табылған деректер кітаптарға, оқулықтарға енбей жатыр. Жазылған күйінде қалады. Тарих оқулықтарын білікті ғалымдар мен мамандарға рецензияға беру тәжірибесі де орнықпай тұр. Тың деректерге, жаңа тұжырымдарға да елең етіп, үн қосып жатқан ешкім жоқ. Тарихтың терминдері бір ізге түсер емес. Мәселен, біздің эрамызға дейінгі, біздің дәуірімізге дейінгі, біздің заманымызға дейінгі, қазіргі жыл санауымызға дейінгі... Өстіп бір ғана ұғымды әртүрлі қолданамыз «Көшпелілер» мен «көшпенділер» әлі күнге дейін жарысып келеді.

Біз тарихы бай елміз. Бірақ сол бай тарихты игере алмай отырған елміз. Тарихымызды жоғалтқан жұртпыз. Сол жоқты бір адам іздеген дұрыс па, әлде көп адам іздеген дұрыс па? Мен жасым келіп қалды, қартайғанда доктор болмай-ақ қояйын деп ойлағанмын. Бірақ жанашыр кісілер қолқалап қоймады. Сосын докторлық диссертациямды жазып бітірдім. Қорғауға ұсынар алдында екі ұдай пікір болды. Бір тобы тарихшылардың арасына келденең біреу кіріп кеткендей кейіп байқатты. Екіншілері тілекші болды. Кафедрадағы талқылаудан сәтті өттім. Бірақ әрі қарай жылжу барысында қиындықтар туындады. Қазақстанда менің еңбегімді саралауға тиіс ресми оппонент табылмайтын түрі бар екен. Оларды шетелден шақырып, арамтер болғым келмеді. Құжаттарымды жинап алып, кетіп қалдым.

**– Өзіңізді кәсіби тарихшымын деп есептейсіз бе? Әлде тарихты тереңдеп көркем тілмен жазатын жазушымын деп санайсыз ба? Қайсысына көңіліңіз көбірек құлайды?**

– Маған тарихшы мәртебесін иеленуден гөрі оқырманның ықыласына бөленген артығырақ. Сол кәсіби тарихшы оқыған пәнді мен де оқыдым. Соларға дәріс берген ұстаздар маған да дәріс берді. Өз бетімше ізденіп оқығаным да аз емес сияқты. Оның үстіне олардың кейбірінің аяғы жетпеген жерге мен бардым. Аспанға қарап жазғаным жоқ. Ылғи «болды» деген етістікпен аяқталатын, қатып қалған мәтінмен жазғандар ғана кәсіби тарихшы болып, көркем, жұрт қызығып оқитын, салыстырма теңеумен бедерлейтін, ел есінде қалатын сөз жазған адам әуесқой саналса, онда мен әуесқойға жатамын.

Ал қазақтың түп тарихын шама келгенше тереңдей қазып, бұрын айналымға түспеген дерек ұсынып, тарихи шындыққа апарар тыңнан жол салған адам кәсіпқой делінсе, онда мен сол топқа тиесілімін. Тарихшылықты «доктор» деген жазуы бар қатырма қағаз емес, атқарылған еңбек, ашылған жаңалықтар тізбегі анықтаса керек. Кімнің не тындырғаны жұртқа аян.

**Сұхбаттасқан**
**Бауыржан ОМАРҰЛЫ,**
**ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,**
**филология ғылымдарының**
**докторы, профессор**

# СОХРАНИШЬ ТРИЛЛИОН – ИЛИ ДЕЛО «КОРРУПЦИОНЕРА» АБИШЕВА!!!



*В Казахстане немало известных людей, которые своей неординарной деятельностью, где бы они ни работали, болеют душой за интересы страны, выступают за национальные ценности, показывают и прославляют нашу страну. Одним из них является Ислам Абишев, который известен своим выдающимся трудом, весомым вкладом в развитие водных ресурсов, обладает высоким духом, заботится о духовности. Ему недавно исполнилось 63 года. И человек, который стремился жить и работать по заветам алашординцев, оказался в холодной камере тюрьмы и встретил свой переломный возраст за железной решеткой...*

*В нашу редакцию потоком идут письма от читателей. И мы с уважением отнеслись к желанию народа выразить благодарность и поддержку своему известному представителю; некоторые из них мы стали публиковать в нашей газете с 25 апреля под рубрикой «Добрые дела Ислама». Выражаем благодарность неравнодушным читателям за их отзывы.*

*Более двух месяцев назад появилась «холодная» новость об аресте председателя Комитета по водным ресурсам Ислама Абишева. Некоторые издания, которые первыми восторженно кричат в случае «падения» известного человека, наперегонки стали публиковать непроверенную информацию. Неожиданный арест трудившегося всю жизнь на благо людей, известного своей настойчивостью в отстаивании интересов государства, своими благими делами казахскому народу, честного и предприимчивого руководителя Ислама Абишева для народа был как гром среди ясного неба.*

*Когда Ислам Абишев приступил к своей деятельности в качестве председателя Комитета по водным ресурсам, он порадовал власти и народ тем, что сэкономил государству 300 миллиардов тенге (2 миллиарда долларов) из бюджета. Позже в прессе много писали о том, что из 1 триллиона 500 миллиардов тенге, выделенных на Государственную программу для водного хозяйства, сэкономлено около 1 триллиона. Что же в итоге сейчас происходит?*

*Сегодня мы публикуем исследовательскую работу «Сохранишь триллион – попадешь в тюрьму... или дело «коррупционера» Абишева!!!» Қазыбека Иса, известного поэта, лауреата Международной премии Алаша, Международной премии «Золотая осень» имени Есенина, общественного деятеля, который и раньше писал об Исламе Абишеве.*

*Думаем, уважаемые читатели, которые прочитают статью, сами поймут, откуда дует ветер, и сделают свои выводы.*

*Редакция*

## Вниманию Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева

### ПЕРВОЕ ДЕЛО «КОРРУПЦИОНЕРА» АБИШЕВА

#### СОКРАТИТЬ МИЛЛИАРДЫ

Ислам Абишев Алмаханович был назначен председателем Комитета по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства в феврале 2012 года.

До этого Ислам Абишев 3 года плодотворно проработал акимом Усть-Каменогорска, где тепло был принят горожанами. О том, как жители города с неподдельной любовью и уважением провожали Ислама Алмаханулы, я писал в свое время в статье «Ислам Әбішев феномені» («Феномен Ислама Абишева») в газете «Қазақ үні».

«В те дни, когда между народом и акимами, чиновниками разрастается пропасть, в Усть-Каменогорске произошел случай, поразивший страну. Устькаменогорцы заполнили аэропорт, чтобы проводить в Астану Ислама Абишева, возглавлявшего город в течение трех лет. Здесь мы не говорим о сотрудниках администрации городского акимата, которые работали вместе с Исеке.

Мы говорим о большой группе простых горожан, которые хотели сказать свои сокровенные пожелания «народному» акиму. Здесь и русские женщины, которые со слезами на глазах благодарят бывшего градоначальника и передают ему соленья и варенья, и казахские женщины в национальных головных уборах с куртом, иримшиком желают светлого пути, и почтенные аксакалы, дающие свои благословения, и юная поэтесса, сумевшая донести горячую поддержку земляков заботившемуся о народе деятелю.

Да, впервые за 20 лет Независимости 5 февраля 2012 года народ в Усть-Каменогорске был свидетелем такого волнующего прощания народа с акимом: на проводы пришли незнакомые простые люди, чтобы своими искренними пожеланиями согреть этот зимний отъезд своего любимца. Улетел на просторы орел, взлетевший благодаря энтузиазму простого народа», – писал я тогда.

Да, это был беспрецедентный, искренний, честный порыв простого народа в истории независимого Казахстана. Когда бы вы ни оказались в Усть-Каменогорске, вы легко найдете этому подтверждение.

И что еще интересно, с ноября 2000 года по август 2002 года Ислам Абишев работал акимом Ордабасинского района Туркестанской области (бывшей Южно-Казахстанской). Мнения жителей Ордабасы об Абишеве точно такие же, как и у жителей Усть-Каменогорска. Это также не наши мысли – это мысли ордабасинцев. Если вы поедете туда и пообщаетесь с простыми людьми, вы убедитесь в этом.

А сегодня Ислам Абишев содержится в тюрьме как большой «коррупционер»!!! Человека с больным сердцем и нестабильным кровяным давлением содержат в тюрьме как обычного террориста, не отпуская под домашний арест. За что Ислам Абишев оказался в тюрьме, для нас в настоящее время – загадка, и мы сможем узнать это позже из решения суда...

А теперь узнаем, что было осуществлено в течение продуктивных 7 лет этим очень опытным, компетентным, предприимчивым руководителем, что стало **ПРИЧИНОЙ ПРЕВРАЩЕНИЯ В «КОРРУПЦИОНЕРА» И ТАКОГО ПАДЕНИЯ,** и попытаемся установить причины всему этому.

Ислам Абишев не появлялся в СМИ в течение первых 4-5 месяцев после начала работы в Комитете по водным ресурсам.

А в июле 2012 года он сделал сенсационное заявление: **«Из более 390 миллиардов тенге, запланированных Комитетом по водным ресурсам на 3 года, нет необходимости в около 300 миллиардах тенге! Нет необходимости в таких финансах, и мы осуществим все запланированные работы с оставшимися около 90 миллиардами тенге»**. Таким образом, сразу начали сокращать средства компаний, которые выиграли посредством тендеров столько денег...

Кто может легко отказаться от такого привлекательного куска пирога? Обладатели «лакомых кусочков» также начали ответные действия. Но Ислам Алмаханович, несмотря на все препятствия, до осени полностью выполнил задачу по снижению расходов в целях эффективного использования бюджетных средств.

#### ЧТО В РЕЗУЛЬТАТЕ БЫЛО?

Антикоррупционная комиссия партии «Нур Отан» под председательством Оралбая Абдыкаримова рассмотрела «поведение» Ислама Абишева (на основании заявлений обладателей «жирных кусочков»), обвинила его в «коррупции» и поручила Министерству сельского хозяйства рассмотреть вопрос об ответственности Ислама Абишева. Как и следовало ожидать, после этого правоохранительные органы стали проводить проверки одна за другой.

В результате в июне 2013 года Ислам Абишев был уволен.

А Ислам Абишев не только сэкономил миллиарды, многие объекты, на которых были сэкономлены средства, были завершены, введены в эксплуатацию и работают по сей день.

Вот такой первый маршрут восхождения к «коррупции» Ислама Абишева.

В апреле 2014 года при непосредственном участии Лидера нации Нурсултана Назарбаева Ислам Абишев был вновь назначен на прежнюю должность.

Даже после возвращения Исеке не стал тихо-мирно работать, а по-прежнему стал наступать на «хвосты змеям», то есть не стал дуть на воду, обжегшись на молоке.

### ВТОРОЕ ДЕЛО «КОРРУПЦИОНЕРА» АБИШЕВА

#### СЭКОНОМЛЕННЫЙ ТРИЛЛИОН ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ

После избавления от «коррупционера» Абишева, соответствующие начальники в короткий срок подготовили «Государственную программу по управлению водными ресурсами Казахстана». Для реализации этой программы было запланировано финансирование в размере 1,5 триллиона тенге. Эта программа была согласована со всеми министерствами, иными соответствующими органами, одобрена правительством и принята. Финансирование было запланировано на 2015-2020 годы. После рассмотрения программы в правительстве в то время освобожденный от должности и занимавшийся семейным бизнесом Ислам Абишев высказал свое мнение, дав интервью газете «Время» в марте 2014 года.

А в апреле 2014 года по прямому поручению Лидера нации был снова назначен на должность.

Снова пересмотрев вышеназванную Государственную программу с общим бюджетом в 1,5 триллиона тенге, Ислам Абишев пришел к совершенно иным выводам.

Собрав около себя опытных, компетентных, честных профессионалов своего дела (Жампозов Омирбек, Мухамадиев Сейлхан, Егенов Мейрбек, Имамадин, Кемельбеков Бахытжан, Наметов Бекзад и др.), Абишев проводит вместе с ними большую экспертную работу.

В результате он сократил на 1,0 триллион из запланированных 1,5 триллиона средств и в целом увеличил объем выполняемой работы в несколько раз.

В нижеуказанной таблице можно увидеть



*1-таблица*

| № | Название | Мера измерения | По программе | По расчетам Абишева |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Восстановление орошаемых земель, вышедших из эксплуатации | тыс. га | 60,0 | **600,0** |
| 2 | Восстановление и рациональное использование водных объектов, находящихся в аварийном состоянии | млрд. м3 | 0,9 | **2400** |
| 3 | Строительство новых водоемов, прудов, сбор паводковых вод | млрд. тг | 272,1 | **1900** |
| **4** | **Все затраты** | **млрд. тг** | **1543,0** | **580,0** |

# ПОПАДЕШЬ В ТЮРЬМУ...




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Б.Сағынтаеваға
А.Мамытбековаға

И.Абишевтің ұсыныстары бұрынғы бағдарламадан ұтымды.
Қарап, үкіметте шешім қабылдау үшін.

Н. Назарбаев

"19" ... 2014 ж.

№4542

к записке "Проблемы и конкретные пути решения водохозяйственных вопросов"

наиболее финансово затратные три направления по программе *(1-таблица)*:

Если внимательно посмотреть, то при сокращении расходов в 3 раза, планируется увеличить повторно используемые орошаемые земли в 10 раз, экономить воду в 2,8 раза, увеличить запас воды, собираемой во время весенних дождей, в 3 раза. Привлекли всех профессионалов водного хозяйства и посчитали каждый тенге в этом сложном деле.

